

Халықаралық Ақпараттық Технологиялар Университеті

ӘОЖ: 004.451.7:004.7

Қолжазба құқығында

ИБРАЕВА ЖАНАР БАЗАРБЕКОВНА

Желілік трафикті талдау және болжау модельдерін жасау

6D070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:
т.ғ.к., қауымд.проф. Бектемысова Г.У.,
PhD, қауымд.проф. Абдул Рахим Ахмад

Қазақстан Республикасы,
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
1 МУЛЬТИСЕРВИСТІ ЖЕЛІДЕГІ ТРАФИКТІ ШОЛУ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРДІ ТҰЖЫРЫМДАУ.....	8
1.1 Қазақстандағы телекоммуникациялар желісінің негізгі ерекшеліктері.	8
1.2 Желілік трафикті болжау бойынша негізгі ғылыми еңбектерге шолу...	9
1.3 Уақыттық қатарларды талдаудағы негізгі түсініктер.....	11
1.4 Уақыттық қатарлардың модельдері.....	15
1.5 Уақыттық қатарды стационарлыққа тексеру.....	17
1.6 Уақыттық қатарларды болжау әдістері.....	18
1.7 Зерттеу мақсаты және міндеттерді тұжырымдау.....	20
1.8 Бірінші тарау бойынша қорытынды.....	21
2 ЖЕЛІЛІК ТРАФИКТІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ СТАЦИОНАРЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАСАУ	22
2.1 Өлшенген трафиктің сандық сипаттамаларын талдау.....	22
2.2 Трендтің бар болу гипотезасын тексеру.....	25
2.3 Уақыттық қатардың стационарлығын анықтайтын бағдарлама сипаттамасы.....	28
2.4 Уақыттық қатардың стационарлығын бағалау.....	29
2.5 Қатардың стационарлығын бірлік түбір (unit root) тесттері арқылы бағалау.....	31
2.6 Екінші тарау бойынша қорытындылар.....	33
3 УАҚЫТТЫҚ ҚАТАРДЫ УАҚЫТ-ЖИЛІК БОЙЫНША ТАЛДАУ	34
3.1 Спектрлік талдау әдістері.....	34
3.2 Сингулярлық спектрлі талдау.....	36
3.3 Сингулярлық спектрлі талдау әдісімен қатарды ыдырату бағдарламасының сипаттамасы.....	39
3.3.1 Сингулярлық спектрлі талдау әдісімен ыдыраған қатарды қалпына келтіру.....	44
3.4 Үшінші тарау бойынша қорытындылар.....	46
4 ЖЕЛІЛІК ТРАФИКТІ БОЛЖАУ МОДЕЛЬДЕРІН ЖАСАУ.....	47
4.1 Стационарлы емес уақыттық қатарларды болжаудың ерекшеліктері.....	47
4.2 ARIMA әдісімен болжау.....	50
4.3 Желілік трафикті зерттеу үшін нейрондық желіні қолдану.....	58
4.4 Жасанды нейронды желі негізіндегі желілік трафикті болжау.....	62
4.5 NARX ANN негізіндегі желілік трафикті болжау.....	65
4.6 Нейро-анық емес болжау модельдерін әзірлеу.....	74
4.6.1 Уақыттық қатарды болжауға нейро-анық емес Чен және Ченг алгоритмдерін қолдану.....	74
ҚОРЫТЫНДЫ.....	80
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	82

ҚОСЫМША А - Стационарлықты анықтайтын бағдарлама бөлігі.....	90
ҚОСЫМША Ә - ARIMA моделімен болжау кодының бөлігі	92
ҚОСЫМША Б - NARX (Nonlinear AutoRegressive exogenous Network) көмегімен болжау кодының бөлігі.....	93
ҚОСЫМША В - Нейро-анық емес болжау кодының бөлігі.....	96
ҚОСЫМША Г - Енгізу актісі.....	98
ҚОСЫМША Д - Авторлық куәлік №1.....	99
ҚОСЫМША Е - Авторлық куәлік №2.....	100

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- АКТ – Ақпараттық коммуникациялық технологиялар
- АКФ – Автокорреляция функциясы
- ИИ – Искусственный интеллект (Жасанды интеллект)
- ИНС – Искусственная нейронная сеть (Жасанды нейрондық желі)
- ARIMA (Auto-Regressive Integrated Moving Average) – авторегрессивті интеграцияланған (айырма алынған) жылжымалы орташа
- IP (Internet Protocol) – желіаралық протокол
- NARX (Nonlinear AutoRegressive with exogenous Network) – сызықты емес экзогенді авторегрессивті желі
- ANFIS (Adaptive Neuro-Fuzzy Inference System) – бейімделетін нейро-анық емес қорытындылар жүйесі
- NGN (Next Generation Network) – келесі буын желілері
- MPLS (Multi-Protocol Label Switching) – көп протоколды ауыстыру
- MPEG (Moving Picture Experts Group) – қозғалыстағы сурет бойынша сарапшылар тобы
- MSE (Mean squared error) – орташа квадрат қатесі
- TDM (Time Division Multiplexing) – арналарды уақыт бойынша бөлу
- SDN/NFV (Software Defined Network/Network Functions Virtualization) - Бағдарламалық құралмен анықталған желі/желі функцияларын виртуалдандыру
- WT (Wavelet transform) – толқындық түрлендіру
- VoIP (Voice over Internet Protocol) – интернет арқылы дауыс беру протоколы
- UDP (User Datagram Protocol) – пайдаланушы датаграммасының протоколы
- IP VPN (Virtual private network) – виртуалды жеке желі
- IPTV (Internet protocol television) – Интернет протоколдық теледидар
- SSA (Singular Spectrum Analysis) – Сингулярлық спектрлі талдау
- RSME - Root mean square error (түбір орташа квадрат қатесі)
- MAE - Mean absolute error (Орташа абсолютті қате)

КІРІСПЕ

Дүниежүзілік байланыс желісінің пакеттік технология негізіндегі дамуы ақпарат ағындарымен байланысты деректер көлемінің күрт өсуіне себеп болды.

Қазақстанда 2007 жылдан бастап TDM (Time Division Multiplexing) арналарды ауыстыру (коммутация каналов) технологиясының IP (Internet Protocol) пакеттік технологияға ауысуы орасан зор өзгеріс алып келді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласында VoIP (Voice over Internet Protocol), IP VPN (Virtual private network), IPTV (Internet protocol television) қызметтерін көрсететін заманауи инфрақұрылым пайда болды. Бұл желі NGN (Next Generation Network) жаңа буын желісі болып табылады.

Қазіргі заманғы гетерогенді желі құрылымы өте қиын, біркелкі емес желілік трафик тудырады. Нақты өлшенген деректерді зерттеулер де желілік құрылғыларға қызмет көрсететін пакеттердің біркелкі емес қарқындылығын көрсетеді. Сонымен қатар уақыттық қатарлар негізінде құрылған модельдер стационарлық емес қасиетке ие, бұл олардың құрылымының көп компонентті екенін білдіреді. Демек, трафик көлемі ұлғайып қана қоймастан, оның құрылымы да өзгеруде, сондықтан желілік трафикті талдау әлі де өзекті мәселе болып табылады. Күрделі құрылымның құрамдас бөліктерін анықтау және сандық анықтау – трендтің, кезеңділіктің, кездейсоқ құрамдас бөліктің болуы/болмауы уақытша қатарларды талдаудың негізгі міндеті болып табылады.

Қазіргі заманғы зерттеулер желілік трафикті талдау және болжау трафикті басқарудағы ең маңызды міндет болып қала беретінін көрсетті. Желіні басқарудың міндеттері басқа нәрселермен қатар дұрыс шешім қабылдау үшін болжамды болашақ деректерге де негізделген.

Инфокоммуникациялық желілердегі гетерогенді трафик көлемінің өсуі ұсынылатын байланыс қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету мәселелерін өзекті етеді, бұл өз кезегінде болжау моделдеріне жүгінуді талап етеді.

Болжамды деректер желідегі ақпарат ағындарын басқару мәселесін шешу үшін қажетті ақпаратты береді және басқару негізінде пакеттердің жоғалуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты нақты өлшенген желілік трафикті талдау және болжау үшін модельдерді әзірлеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін диссертация келесі **міндеттерді** шешеді:

1. Эмпирикалық деректердің уақыттық қатарының құрылымын зерттеу;
2. Уақыттық қатарларды болжаудың классикалық үлгілерімен эксперименталды зерттеулер жүргізу;
3. Желілік трафикті, оның гетерогенділігін ескере отырып, болжау үлгілерін әзірлеу;

Зерттеу объектісі. Зерттеу объектісі – әрбір секунд сайын (18000 нүкте) бес сағат бойы магистральдық желі арқылы берілетін MPEG хаттама пакеттерінің жиынтығын көрсететін уақыттық қатар.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы келесі алынған нәтижелермен анықталады:

1. Нақты өлшенген желілік трафик құрылымына талдау жүргізудің нәтижесінде қатарды стационарлыққа тексеретін бағдарлама әзірленді;
2. Уақыттық қатарларды болжаудың классикалық ARIMA моделінің параметрлері анықталып, нәтижеде ARIMA(0,2,1) моделі құрылды;
3. NARX (Nonlinear AutoRegressive Network with exogenous inputs) негізінде болжау моделі құрылды;
4. Анық емес логика модельдері бағдарламалық іске асырылды.

Теориялық және практикалық құндылығы. Бұл жұмыстың теориялық маңыздылығы эмпирикалық деректердің стационарлы емес жағдайында қолдануға болатын болжау модельдерін анықтауда жатыр. Жұмыстың практикалық маңыздылығы ұсынылған болжау модельдерін желілік трафикті басқару жоспарын әзірлеуде және басқару кезінде дұрыс шешімдер қабылдауда жатыр. «Алматы Технологиялар Институтында» алынған нәтижелер сынақтан өткізілді.

Диссертация құрылымы кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, пайдалы дереккөздер мен қосымшалардан тұрады. Диссертация көлемі 100 бет, оның ішінде 41 сурет пен 6 кесте, 51 формула, 113 дереккөз бар.

Кіріспеде диссертацияның өзектілігін анықтайтын негіздемелер, ғылыми зерттеу жұмысының қалыптастырушы мақсаты, объектісі, міндеттері берілген. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сипаттама беріліп, олардың ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы көрсетілген.

Диссертациялық жұмыстың **бірінші бөлімінде** мультисервистік желінің желілік трафигіне шолу және талдау, Қазақстандағы телекоммуникация желісінің негізгі ерекшеліктері, желілік трафикті болжау бойынша негізгі ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Жалпы сипаттамалар мен зерттеу міндеттері берілген. Стохастикалық процестердің (қандай да бір жүйе күйінің ықтималдық заңдылықтарға сәйкес уақыт бойынша өзгеру процесі) классификациясы, деректердің уақытша қатарының стационарлық және стационарлық еместігін анықтау параметрлері, болжау әдістері анықталған.

Екінші бөлімде өлшенген трафиктің сандық сипаттамаларының талдауы жүргізіледі. Бастапқы деректер бес сағат бойы алынды, бұл әрбір секунд сайын бес сағат бойы магистральдық желі арқылы берілетін MPEG хаттама пакеттерінің жиынтығын көрсетеді.

Қатардың қалыптылығын статистикалық бағалау жүзеге асырылды, өйткені бұл желілік трафикті болжауда сәйкес әдістерді қолдану кезінде маңызды рөл атқарады. Зерттелетін қатардың таралу қалыптылығы туралы гипотеза тексерілді және келесі критерийлер жойылды: Колмогоров пен Смирновтың өзгертілген критерийлері; Крамер-Мизес; Андерсон-Дарлинг; Шапиро Франция; асимметрия коэффициенті; Жарк Бер; Гири және Д'Агостино. Жілілік бөлу формасының сандық сипаттамалары: асимметрия және куртозис зерттелетін қатардың қалыпты таралу заңына сәйкессіздігін көрсетті.

Зерттелетін уақыттық қатардың таралу заңы қалыпты болмағандықтан, трендтің бар екендігі туралы гипотезаны тексеру үшін параметрлік емес сынақтарды қолданып, нәтижесінде зерттелетін қатарда тренд бар екені

анықталды. Python бағдарламалық ортасында қатарды стационарлыққа тексеретін бағдарлама жасалды.

Үшінші бөлім уақыттық қатарлардың уақыттық-жиілік талдауына арналған. Зерттелетін қатар кездейсоқтық, стационарлық емес қасиеттерге ие болғандықтан, бұл қатарға сингулярлық спектрлі талдау SSA (Singular Spectrum Analysis) әдісі қолданылды. Меншікті векторлардың графиктері олардың құрамында жоғары жиілікті тербелістер бар екенін және шу құрамдастарына жатқызу керек екенін көрсетеді. Сингулярлы спектрлік талдау арқылы өңдеуден кейін қатар динамикасының қалпына келуі көрсетілген. Одан әрі қатар гармоникалық құрамдастарға зерттелді, ол төмен жиілікті компонентке (тренд) – бірінші негізгі компонент және жоғары жиілікті шумен қатар мерзімді құрамдастарға ыдырады. Уақыттық қатардың ыдырауы қатардың стационарлы емес екенін және оның тренд, гармоникалық және шу құрамдастарын қамтитынын көрсетті.

Төртінші бөлімде стационарлы емес уақыттық қатарларды болжау ерекшеліктерінің сипаттамасы берілген. Статистикалық тәсілдердің ішінде ARIMA (Авто-регрессивті айырымды жылжымалы орташа) әдісі бастапқы уақыттық қатардан кейбір реттік айырмаларды алу арқылы стационарлы қатарға келтірілетін стационарлы емес уақыттық қатарларды сипаттауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде ARIMA(0,2,1) моделі болжау интервалы 95% барабар болжамды көрсетті.

ЖИ негізіндегі әдістердің ішінен сызықты емес жүйелерді модельдеуге өте қолайлы NARX (Nonlinear AutoRegressive exogenous Network) моделі және анық емес логикалық алгоритмдер (Fuzzy Logic) қолданылды.

NARX моделін бағалау нәтижесінде орташа квадраттық қатенің (MSE) нәтижесі 1,0627 тең болды.

Қорытындыда диссертацияның негізгі нәтижелері мен қорытындылары берілген.

Жарияланымдар. Диссертация тақырыбы бойынша негізгі нәтижелер 15 мақалада: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда - 7 мақала, Халықаралық Scopus деректер базасында – 1 мақала, Халықаралық конференцияларда - 7 мақала жарық көрді.

Жұмыстың нәтижесі бойынша 2 авторлық куәлік алынды:

1. Разработка модели прогнозирования с использованием статистического метода Auto-Regressive Integrated Moving Average. № 32481 от «9» февраля 2023 года.
2. Нечеткая модель прогнозирования временного ряда. № 35224 от «27» апреля 2023 года

1 МУЛЬТИСЕРВИСТІ ЖЕЛІДЕГІ ТРАФИКТІ ШОЛУ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРДІ ТҰЖЫРЫМДАУ

1.1 Қазақстандағы телекоммуникациялар желісінің негізгі ерекшеліктері

Қазіргі уақытта Қазақстанның барлық әкімшілік орталықтарында NGN конвергентті мультисервистік желісі жұмыс істеп тұр. Дүниежүзілік экономикалық форумның 2022ж. Қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы желіге дайындық индексі бойынша 130 елдің арасында 58-ші орынды иеленді [1].

Бүгінгі күні ақпараттық технологиялар саласындағы бизнес мультисервистік желілердің ауқымдылығына жоғары талаптар қояды. Мультисервистік желілердің даму тенденциялары:

- трафик көлемінің жылдам өсуі және оның құрылымының бейне тарату және бірыңғай байланыс UC (Unified communications) бағытында өзгеруі;
- мобильді пайдаланушыларға BYOD (Bring Your Own Device) және әлеуметтік желілерді қолдау қажеттілігі;
- Үлкен деректерді өңдеуге арналған жоғары өнімді кластерлер (BIG DATA);
- бұлттық қызметтерді ұсыну үшін виртуалдандыру (Cloud Bursting).


Мультисервистік желіде ұсынылатын инфокоммуникациялық қызметтер дәстүрлі байланыс желілерінің қызметтерінен ерекшеленеді:

- инфокоммуникациялық қызметтердің негізгі бөлігі клиент/сервер архитектурасы негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте қосымшаның клиенттік бөлігі пайдаланушы деректерінің терминалдық жабдығына жүктеледі, ал сервер бөлігі сәйкес бөлінген желілік қызмет түйіндеріне жүктеледі;
- әртүрлі қызметтерді дамыту ISO моделінің жоғарғы деңгейлерінде жүзеге асырылады;
- инфокоммуникациялық қызметтер өткізу қабілеттілігінің кеңдігімен сипатталатын мультимедиялық ақпаратты беруді жүзеге асырады.

Мультисервистік желі көп деңгейлі иерархиялық архитектураға ие (трафиктің жоғары жылдамдықты ауысуы бар ядро, трафикті біріктіру функциясын орындауға арналған тарату деңгейі және оператор желісіне қол жеткізу, сегменттеу функциялары, пайдаланушыларды логикалық топтарға біріктіру, аутентификация және т.б.)

Көрсетілетін қызмет түрлерінің ұлғаюымен осы қызметтерді көрсету сапасына қойылатын талаптар да өсуде. Сонымен қатар, мұндай ағындардың қарқындылығының жоғарылауымен өңдеу әдісін үнемі жетілдіріп отыру керек.

Мультисервисті желінің маңызды ерекшеліктерінің бірі байланыс желісінде қабылданатын хабарламалар құрылымының біркелкі еместігі болып табылады. Мультисервисті желі өнімділігі мен жылдамдығы жоғары IP коммутаторларын пайдаланады. 1.1 суретте қолданыстағы мультисервистік желі және қатынау жүйелерінің пакеттік желіге бейімделуі, NGN желісінің жалпы архитектурасы көрсетілген.



Сурет 1.1 - Қазақстан Республикасындағы NGN желісінің жалпы архитектурасы

1.2 Желілік трафикті болжау бойынша негізгі ғылыми еңбектерге шолу

Болжау мәселесін шешу өзекті болып табылады, өйткені болжау деректері желіні бақылау мәселесін шешуге қажетті ақпаратты береді.

[2] жұмыста кез келген уақыт аралығы үшін жоғары дәлдікпен желілік трафиктің өзіндік ұқсастық қасиеттерін ескере отырып болжау алгоритмдері әзірленді. [3] жұмыста қысқа мерзімді уақыттық қатарларды болжау және кептелісті анықтау үшін желілік трафикті модельдеу сызықты емес динамика әдістерін пайдалана отырып сипатталған. [4] жұмыста әзірленген трафикті болжау әдісі қолданудың қарапайымдылығымен және желі өлшеміне шектеу қажет етпейтін әмбебап әдіс болып табылады. Циклдік талдау негізінде трафикті болжаудың математикалық моделін жасаумен аномалияны анықтауға негізделген басқару әдісі [5] жұмыста қарастырылған. [6]-да әлеуметтік-экономикалық параметрлерді ескере отырып, аймақтық ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің сипаттамаларын болжауға арналған тапсырмаларды автоматтандырылған орнату технологиясы әзірленді. Ұялы байланыста ресімделуі қиын процестер үшін ұқсас объектілер туралы ақпаратты пайдалана отырып болжау әдісі [7] жұмыста ең жақын аналогтарды іздеу алгоритмін әзірлеумен сипатталған, ал [8] жұмыста процестің логикалық-математикалық модельдері болмаған жағдайда қолданылатын спектрлік компоненттердің динамикасын талдауға негізделген объектілердің техникалық шарттарын болжаудың жаңа әдісі әзірленген. Нейрондық желіні болжау [9, 10]-

жұмыстарда оқыту және тест үлгілері бойынша болжау қателерін есептеу арқылы нейрондық желілердің әртүрлі конфигурациялары салынды. [11-13]-жұмыстарда болжау үшін экзогендік кірісі бар сызықты емес авторегрессивті қайталанатын нейрондық желі (NARX) пайдаланылды. Алынған нәтижелер әзірленген модельдердің күн радиациясын болжауға және оның нақты бағалаулар мен болжамдарды беруге қабілеттілігін көрсетті. Уақыттық қатарларды талдау негізінде компьютерлік желілердегі кептелісті болжау әдісі [14] жұмыста қарастырылды. Корпоративтік желінің техникалық жай-күйін болжау [15] жұмыста орындалды, ал [16] жұмыста айнымалы құрылымы бар уақыттық қатарларға негізделген болжау әдістері қарастырылған. [17] – де сипатталған жұмыс максималды ықтималдық үлгісіне негізделген уақыттық қатарларды болжау үлгісін қарастырады. [18, 19, 20] жұмыстарда авторегрессивті модельдер арқылы қозғалыс қарқындылығын болжау мәселесі қарастырылады. Интерактивті қызметтерді алдын ала сәйкестендіру және түрін анықтау арқылы телекоммуникация желісіндегі ақпарат ағынының әрекетін болжау әдісі болжау дәлдігін арттыру мақсатында әзірленді [21]. Жіберілетін трафик құрылымын өзгерту компьютерлік желі дамуының заманауи тенденциясы болып табылады және бұл трафик пакеттердің кешігу уақытын, буферлік жадыны анықтау дәлдігіне қойылатын талаптардың жоғарылауына байланысты мультимедиялық болды деп атап өтілген [22].

[23] жұмыстағы зерттеу кездейсоқ процестер теориясын уақыт қатарларын болжаудағы мәселені шешу үшін салмақты модельдерді ұсынады.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, желідегі қызмет көрсету стратегиялары классикалық әдістерден «болжау және алдын алу» әдістемесіне көшудің қажеттігін анықтайды. Жағдайды автоматты түрде бақылау және болжау әдістерін құру және енгізу экономикалық шығындарды азайтып, желіге қажетті компоненттерді уақтылы ауыстыруға және ақпарат ағынының тоқтап қалуына жол бермеу мәселелерін шешеді.

Жоғарыда шолу жасалған жұмыстар нәтижесі жалпы деректер жиындары үшін жақсы жұмыс істейді. Өкінішке орай, нақты деректерде олардың бірқатары өнімділік немесе тиімділік тұрғысынан жоғары мәндерге қол жеткізе алмайды. Жалпыға қолжетімді деректер жиынының көпшілігінің бірнеше кемшіліктері бар: шынайы емес аномалия, біркелкі емес және жетіспейтін деректердің болуы. Осы кемшіліктерге байланысты нақты деректер негізіндегі уақыттық қатардың құрылымын анықтау бойынша зерттеулер жасап, нәтижесінде таңдалатын модельдер анықталуы қажет.

Уақыттық қатар – бұл көптеген құрылғыларда қабылданған деректер тізбегі, олар уақыт бойынша ретті тәртіпте сақталады. Пайдалы статистикалық мәліметтер (тренд, аномалия және құбылмалылық) уақыттық қатарлардың деректерінен алынады. Оларға негізделіп құрылған модельдер болжау кезінде дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізеді.

1.3 Уақыттық қатарларды талдаудағы негізгі түсініктер

Уақыттық қатар – тұрақты уақыт аралықтарында өлшенген айнымалының мүмкін мәндерінен (жол деңгейі, пакеттер саны) тұратын қатар.

Жалпы жағдайда уақыттық қатарлар кездейсоқ шамалардың бір параметрлі тобы болып табылады, олардың таралу заңы және сандық сипаттамалары t уақытына байланысты болуы мүмкін. Көрсеткіштің сандық мәндері уақыттық қатардың деңгейлері деп аталады.

Уақыттық қатарлар интервалды және сәттік (моментный) болуы мүмкін.

Интервалдық қатар белгілі бір уақыт аралығында айнымалының жинақталуы арқылы қалыптасады.

Сәттік қатар белгілі бір уақыт нүктелеріндегі құбылыстың өлшемін сипаттайды.

Кездейсоқ процестің сипаттамаларына мыналар жатады:

- математикалық күту (математическое ожидание) – кездейсоқ шаманың орташа мәнін сипаттайтын ықтималдықтар теориясының тұжырымдамасы. Кездейсоқ шаманың мәні әр уақытта әртүрлі болуы мүмкін эксперименттер қатарының нәтижесінде қандай орташа мәнді күтуге болатынын көрсетеді.

- дисперсия – кездейсоқ шама мәндерінің оның математикалық күтуіне қатысты таралуының көрсеткіші. Дисперсия кездейсоқ шаманың мәндері оның ортасынан қаншалықты алыс болуы мүмкін екенін өлшейді.

- коварианттық функция – екі кездейсоқ шама арасындағы уақыт немесе кеңістік бойынша тәуелділік дәрежесін өлшейтін функция. Ол екі кездейсоқ шаманың бірге қалай өзгеретінін сипаттау үшін қолданылады.

Уақыттық қатарларды зерттеу кезінде туындайтын міндеттер:

- құбылыстың кезеңнен кезеңге дейінгі даму қарқындылығын сипаттау;
- белгілі бір кезеңдегі уақыттық қатардың орташа көрсеткіштерін анықтау;
- жеке кезеңдердегі және жалпы қарастырылатын кезеңдегі зерттелетін құбылыстың динамикасының негізгі заңдылықтарын анықтау;

- зерттелетін объектінің уақыт бойынша өзгеруін бақылайтын факторларды анықтау;

- болашақта құбылыстың дамуын болжау.

Модельдеу кезінде уақыттық қатар кездейсоқ процесс (стохастикалық), ықтималдықтар теориясының заңдарына сәйкес уақыт бойынша дамиды статистикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Уақыттық қатарлар детерминделген және кездейсоқ процестерге бөлінеді. Детерминделген процесс бірге тең ықтималдығы бар берілген мәнді қабылдайды, ал кездейсоқ процесс мәні бойынша кездейсоқ болып табылады.

Стохастикалық процестер стационарлық/стационарлық емес процестер болып бөлінеді. Стационарлық және стационарлық емес уақыттық қатарлар қатар деңгейлерін құрайтын факторлардың болуы/болмауымен ерекшеленеді [24, 25]. Уақыттық қатарларды зерттегенде олардың стационарлық немесе стационарлық еместігін білу маңызды, өйткені олар әртүрлі статистикалық сипаттамаларға ие және сәйкесінше әртүрлі тәсілдермен бағаланады [26].

Уақыттық қатар стационарлы болуы үшін келесі қағидалар орындалуы тиіс:

1. күтудің тұрақтылығы

$$E(y_1) = E(y_2) = E(y_3) = \dots \quad (1.1)$$

(яғни қатар ұлғаюға немесе азаюға бейім емес, бірақ кездейсоқ жоғары немесе кездейсоқ төмендей алады, бірақ орташа алғанда сол деңгейде қалады деген болжам):

$$E(y_t) = \mu = \text{const} \quad (1.2)$$

Бұл формула әрбір t уақытындағы y -тің орташа мәні (күтілетін мәні) μ тұрақты мәніне тең болатын уақыттық қатар моделін сипаттайды. Мұндай модель тұрақты деңгейлі модель (constant level model) деп аталады.

2. дисперсияның тұрақтылығы

$$\text{Var}(y_1) = \text{Var}(y_2) = \text{Var}(y_3) = \dots = \gamma_0 \quad (1.3)$$

(қатардың шашырауының (разброс ряда) уақыт бойынша ұлғаятын фактілерінің жоқтығы, яғни қатардың уақыт бойынша ауытқуы, мысалы, бір жыл бұрынғы мен бүгінгі күнгі ауытқулары шамамен бірдей деген болжам):

$$V(y_t) = \gamma_0 \quad (1.4)$$

Формула әрбір t уақытындағы y дисперсиясы γ_0 тұрақтысына тең екенін білдіреді. Бұл уақыттық қатар мәндері уақыт бойынша дисперсиясын өзгертпейтінін және уақыттың әрбір нүктесінде бірдей таралатынын білдіреді. Осы шартты қанағаттандыратын модель тұрақты дисперсия моделі немесе гомоскедастық модель деп аталады.

3. ковариация (сызықтық байланыс күші) яғни бір тәуліктік

$$\text{Cov}(y_1, y_2) = \text{Cov}(y_2, y_3) = \text{Cov}(y_3, y_4) = \dots = \gamma_1 \quad (1.5)$$

және (2 не одан да көп)

$$\text{Cov}(y_1, y_3) = \text{Cov}(y_2, y_4) = \text{Cov}(y_3, y_5) = \dots = \gamma_2 \quad (1.6)$$

арақашықтықтағы уақыт көрсеткіштері бірдей байланыс дәрежесіне ие.

k -ші ретті автоковариация коэффициенті:

$$Cov(y_t, y_{t-k}) = \gamma_k, \quad (1.7)$$

γ_k - y_t және y_{t-k} процестерінің арасындағы автоковариациялық функция. μ, γ_0, γ_k параметрлері уақыттан тәуелсіз.

1.8 формула екі уақыттық қатардың мәндері, y_t және y_{t-k} арасындағы ковариация функциясын анықтайды, мұндағы k — мәндер арасындағы уақыт кідірісін білдіретін бүтін сан.

Ковариация екі кездейсоқ процестің өзара қалай байланысатынын көрсетеді: егер олар бір бағытта қозғалса, онда ковариация оң болады, егер әртүрлі бағытта болса, онда теріс болады.

Коварианттық функция әртүрлі уақыт аралықтарында уақыттық қатарлардың мәндері арасындағы байланысты анықтайды және уақыттық қатарларды талдау және модельдеу үшін пайдаланылуы мүмкін [27].

k -ші ретті автокорреляция коэффициенті:

$$\rho_k = Corr(y_t, y_{t-k}) = \frac{Cov(y_t, y_{t-k})}{\sqrt{V(y_t) \cdot V(y_{t-k})}} = \frac{\gamma_k}{\sqrt{\gamma_0 \cdot \gamma_0}} = \frac{\gamma_k}{\gamma_0}, \quad (1.8)$$

ρ_k - автокорреляция функциясы (АКФ, АСФ).

Стационарлы қатарлардың келесі ерекшеліктері бар:

- ұзақ мерзімді кезеңде қатардың деңгейлері тұрақты орташа мәннің айналасында ауытқиды;
- уақыттық қатардың дисперсиясы уақытқа тәуелді емес;
- АСФ төмендеуі, яғни кешігу (лаг) ұзақтығы артқан сайын АСФ мәні төмендейді.

Уақыттық қатарлар стационарлы болса, қатарда:

- тренд;
- маусымдық компонент;
- интервенциялар;
- гетероскедастық;
- уақыттық қатардың құрамдас бөліктері арасындағы кез келген жүйелі түрде өзгертін өзара тәуелділік болмайды.

Стационарлық процестің ең қарапайым мысалы – ақ шу.

$$(\varepsilon_1, \varepsilon_2, \dots, \varepsilon_{t-1}, \varepsilon_t, \dots) \quad (1.9)$$

$$E(\varepsilon_t) = 0 \quad (1.10)$$

$$Var(\varepsilon_1) = \sigma^2 \quad (1.11)$$

$$Cov(\varepsilon_t, \varepsilon_{t-k}) = 0 \quad (1.12)$$

Ақ шу – барлық жиіліктерді бірдей мөлшерде қамтитын тұрақты спектрлік тығыздығы бар корреляцияланбаған кездейсоқ шамалардың тізбегі.

Егер уақыттық қатардың сипаттамалары: орташа мәні, дисперсиясы, АКФ уақытқа тәуелді болса, бұл қатар *стационарлы емес* деп аталады. Егер уақыттық қатардың орташа мәні уақытқа сызықты тәуелді болса, онда сызықтық тренд барын, егер уақыттық қатардың дисперсиясы уақыт бойынша өзгерсе, АКФ циклдік өзгерсе, онда бұл қатарда мерзімді құрамдас бөліктер бар екенін көрсетеді.

Стационарлы емес қатарлардың келесі ерекшеліктері бар:

- ұзақ мерзімді кезеңде қатар деңгейлері әртүрлі орташа мәндер төңірегінде топтасады;
- уақыттық қатардың дисперсиясы период бойынша өзгереді, яғни уақытқа байланысты;
- автокорреляция функциясы өте баяу төмендейді.

Тұрақтылықты анықтаудың келесі жолдары бар:

- график түрінде уақыттық қатарды ұсыну және трендті визуалды тексеру;
- автокорреляцияның бар-жоғын зерттеу;
- детерминделген трендтің болу тесттерін қолдану;
- стохастикалық трендтің болуына тесттерді қолдану (мысалы, бірлік түбірге арналған тесттер).

Детерминделген тренд – функционалдық форма немесе математикалық теңдеу арқылы сипатталуы мүмкін болатын уақыт бойынша айнымалының өзгеру формасы. Трендтің бұл түрі кездейсоқ немесе стохастикалық трендтен ерекшеленеді, оны нақты болжау мүмкін емес, өйткені оның нақты функционалдық формасы жоқ және кездейсоқ құрамдас болуы мүмкін.

Детерминделген тренд уақыт бойынша айнымалы мәnnің тұрақты өзгеруін көрсететін сызықтық немесе сызықтық емес функция ретінде ұсынылуы мүмкін. Мысалы, сызықтық детерминделген тренд $y(t) = a + bt$ теңдеуімен ұсынылуы мүмкін, мұндағы $y(t) - t$ уақытындағы айнымалының мәні, a – айнымалының бастапқы мәні, ал b – айнымалы мәnnің уақыт бойынша өзгертін жылдамдығы.

Стохастикалық тренд – кездейсоқ құрамдас бөлігінің болуымен сипатталатын уақыт бойынша айнымалының өзгеру формасы. Детерминделген трендтен айырмашылығы, стохастикалық трендті математикалық функция немесе теңдеу арқылы сипаттауға болмайды, өйткені оның белгілі бір формасы немесе өзгеру заңы жоқ.

Бірлік түбір – уақыттық қатарларды сипаттау үшін қолданылатын ұғым [28]. Бұл келесі формуламен берілген бірлік теңдеудің түбірі:

$$y(t) = a*y(t-1) + e(t) \quad (1.13)$$

мұндағы $y(t) - t$ уақытындағы қатардың мәні, $a - y(t)$ мәні бұрынғы $y(t-1)$ мәніне қаншалықты тәуелді екенін анықтайтын коэффициент, $e(t) -$ кездейсоқ шама, қате, бұл t уақытындағы уақыт қатарының мәніне әсер ететін кездейсоқ фактор.

Егер a коэффициенті 1 болса, онда теңдеу келесідей болады:

$$y(t) = y(t-1) + e(t) \quad (1.14)$$

Мұндай теңдеу бірлік түбірі бар уақыттық қатарды сипаттайды, бұл қатардың стационарлы емес екенін және оның орташа мәні уақыт бойынша тұрақты емес екенін білдіреді. Бұл, мысалы, қатарда уақыт өте келе оның орташа мәнінің тұрақты өзгеруіне әкелетін тренд болған жағдайда орын алуы мүмкін.

Бірлік түбір уақыттық қатарларды талдауда маңызды ұғым болып табылады, өйткені ол стационарлық емес қатарлар үшін модельдеу және болжау әдістерінің қажеттілігін көрсетуі мүмкін.

Статистикалық тестілеу уақыттық қатарларды талдаудың маңызды қадамы болып табылатынын атап өту маңызды, өйткені көптеген статистикалық әдістер мен модельдер уақыттық қатарлардың стационарлық болуын талап етеді. Егер қатар стационарлы емес болса, стационарлық қатарды алу үшін сәйкес деректерді түрлендіруді, мысалы, дифференциалдау немесе маусымдық түзетуді жүргізу қажет [29].

1.4 Уақыттық қатарлардың модельдері

Мультисервистік желінің процестерін талдаудың жалпы үлгісі уақыттық қатарларға негізделген модель болып табылады. Уақыттық қатарларды талдаудың негізгі мақсаты:

- қатардың мінез-құлқындағы ішкі заңдылықтарды анықтау;
- болжау.

Уақыттық қатардың жалпы статистикалық моделі:

$$y_t = f(x_t, a) + \varepsilon_t. \quad (1.15)$$

$y_t - f(x_t, a)$ компонентінің қосындысы ретінде қарастырылатын бақылаулар қатары; a - параметр. $f(x_t, a)$ компоненті сызықты және келесілерге ыдыраған болуы мүмкін: тренд, кезеңділік, маусымдық, және p кешігу параметріне жылжитын авторегрессивті құрам. Жалпы уақыттық қатарларды статистикалық талдаудың өзі – детерминделген компоненттерді моделдеу және қалдықтарды стационарлық қалыпқа келтіру. D_t детерминделген компонентіне әдетте тренд, маусымдық және циклдік компоненттерді жатқызады.

Уақыттық қатардың тренді – бұл әсері бірте-бірте әсер ететін ұзақ мерзімді факторлардың таза әсерін сипаттайтын бірқалыпты өзгеретін, циклдік емес компонент $T(t)$ функциясы арқылы сипатталады.

Маусымдық компонент талданатын белгідегі өте ұзақ емес кезеңдегі ауытқуларды білдіреді. Маусымдық кезең маусымдық ұзақтығына еселік болатын $S(t)$ функциясымен сипатталады.

Циклдік компонент ұзақ мерзімді циклдердің әсерінен талданатын белгінің өзгеруін білдіреді. Циклдік компонент $C(t)$ функциясымен сипатталады. Бұл өзгерістер трендке де, маусымдық мерзімді компонентке де жатпайтындай анық

байқалу керек. Маусымдық және циклдік компоненттер бірігіп, периодтық компонент деп аталады, өйткені оларды тек тербеліс периодының шамасы ғана ажыратады.

Кездейсоқ компонент – зерттелетін белгінің стохастикалық сипатын білдіретін қысқа мерзімді және болжауға келмейтін факторлар әсерінің нәтижесі.

Әртүрлі жағдайларда уақыттық қатардағы аталған компоненттердің әрқайсысы жұмыс істей алады, бірақ кездейсоқ компоненттің болуы міндетті болып саналады.

Кез келген модель y_t мәндеріндегі жеке компоненттердің үлесін бағалауды қамтиды. Бұл процедура уақыттық қатар деңгейлерінің ыдырауы деп аталады. y_t құрамындағы әрбір компоненттің үлесіне қарай оларды бағалауға және сәйкесінше y_t болашақ мәндерін болжауға болады.

Стационарлық уақыттық қатарлардың негізгі сызықтық үлгілеріне мыналар жатады:

- авторегрессиялық модельдер;
- жылжымалы орташа модельдер;
- авторегрессивті және жылжымалы орташа модельдер.

Қалдықтар қатарының стационарлығын тексеру және оның дисперсиясын бағалау үшін:

- таңдамалы автокорреляция функциясы (коррелограмма);
- жеке автокорреляция функциялары пайдаланылады.

Егер уақыттық қатар стационарлы болмаса, онда бұл уақыт қатарында не сызықтық тренд, не қалдықтардың гетероскедастикасы, не қалдықтардың автокорреляциясы, не периодтық компонент немесе барлығы да бар екенін білдіреді. Стационарлы емес уақыттық қатарлардың үлгілері:

- уақыттық қатарлардың периодтық компоненттерінің моделі;
- уақыттық қатарлардың гетероскедастикалық моделі;
- қалдықтардың автокорреляция моделі.

Тренд анық көрінбесе, процестің АКФ және жеке автокорреляция (ЧАКФ) функцияларын қарастыру керек.

Уақыт өте өзгертін стационарлық емес процесс келесі процестермен көрсетіледі:

- детерминделген тренды бар процесс (TS (trend stationary));
- стохастикалық тренді бар қатарлар DS (difference stationary). Бұл кездейсоқ жүру процесі (случайное блуждание - random walk).

Стационарлық емес кездейсоқ процесс (random walk process) келесі формуламен анықталады:

$$X_t = \mu + X_{t-1} + \varepsilon_t \quad (1.16)$$

Кездейсоқ жүру – стационарлы емес процесс, бірақ егер оған реттік айырманы алу операторы қолданылса, онда стационарлы қатар пайда болады.

Осы тұста қатарлардың екі түрі де кездейсоқ бөлікпен ерекшеленетінін атап өткен жөн, TS-қатарда (ағымдық шок, бұзылулар) уақыт өткен сайын

бұрынғы соққылар ыдырауының әсері әлсірейді, ал DS сериясында (барлық алдыңғы соққылардан жинақталған бұзылулар) мұндай әлсіреу болмайды және әрбір жеке соққы қатардың барлық келесі мәндеріне бірдей күшпен әсер етеді.

Ұзақ мерзімді регрессиялық модельдерді дұрыс құру үшін қарастырылатын қатардың TS/DS кластарының қайсысына жататынын шешу қажет.

Кестеде TS және DS модельдерінің ерекшеліктері сипатталған.

Кесте 1 - TS және DS модельдерінің ерекшеліктері

TS процесі	DS процесі
Тұрақты емес трендке байланысты стационарлық емес	Тұрақты емес дисперсияға байланысты стационарлық емес
Соққылар туралы жады шекті, яғни ол алдыңғы кадамдағы қатені бірден ұмытады. Егер ақ шудың орнына жалпылама процесс ARMA(p,q) қолданылса, онда соққылар біраз уақыт әсер етеді, бірақ уақыт өте келе олардың әсері әлсірейді.	Барлық алдыңғы ε_t қосындысы болған соң, соққылар үнемі есте қалады. Соққылар туралы жады шексіз.

1.5 Уақыттық қатарды стационарлыққа тексеру

Уақыттық қатарды стационарлыққа тексеру үшін математикалық модельді құрудың негізгі қадамдары мыналар екендігі [30]-да сипатталған:

- қатардың стационарлығын тексеру;
- сынақ моделін анықтау;
- модель параметрлерін бағалау;
- модельдің дұрыстығын тексеру.

Тәжірибеде қатарлардың стационарлық гипотезасын тексеру үшін жоғары ықтималдықпен ақиқат болжамды қабылдауды және жалған гипотезаны жоққа шығаруды қамтамасыз ететін критерийлер (тесттер) қолданылады [31]. Олар параметрлік және параметрлік емес болып бөлінеді [32]:

- параметрлік тесттер есептеу формуласына таралу параметрлерін (орташа және дисперсия) қосады, яғни талданатын барлық сипаттамалар қалыпты түрде таралғанда қолданылады;

- параметрлік емес тесттер таралу параметрлерін есептеу формуласына қоспайды және жиіліктер мен рангтарға негізделеді.

Төменде сипатталған әдістер қатардың стационарлығын анықтау үшін қолданылады [33]:

- графикті визуалды зерттеу (тренд пен периодтық құрамдастың болуы, дисперсияның тұрақтылығы, т.б.);
- детерминделген трендтің барын тексеретін тесттер:
- статистикалық сипаттамалардың тұрақтылығына арналған тесттер;
- стохастикалық трендтің барын тексеретін тесттер (бірлік түбірге арналған тесттер).

Уақыттық қатар алдымен деректердің таралуының қалыптылығына тексеріледі, яғни қалыпты таралу жағдайында параметрлік тест, әйтпесе параметрлік емес тест қолданылады.

Уақыттық қатардың стационарлығын келесі параметрлік тесттер арқылы тексеруге болады:

- Стьюдент критерийі бойынша математикалық күтудің тұрақтылығы туралы;
 - Фишер үлестірімі бойынша дисперсияның тұрақтылығы туралы.
- Параметрлік емес критерийлер:
- графикалық әдіс;
 - математикалық күтудің тұрақтылығын тексеру үшін Манн-Уитни тесті;
 - математикалық күтудің тұрақтылығын тексеру үшін Кокс-Стюарт трендінің белгі критерийі;
 - өсу және кему қатарлары критерийі;
 - математикалық күтудің тұрақтылығын тексеру үшін Фостер-Стюарт критерийі;
 - дисперсияның тұрақтылығын тексеру үшін Фостер-Стюарт критерийі;
 - автокоррекциялық талдау;
 - TS және DS стационарлық емес қатарларының түрлерін ажырату үшін бірлік түбір сынағы (Дикки-Фуллер), т.б..

1.6 Уақыттық қатарларды болжау әдістері

Болжау – құбылыстың немесе процестің дамуының жай-күйі мен ықтимал жолдарын ғылыми негізделген, қалыптасқан себеп-салдарлық байланыстар мен заңдылықтар жүйесіне негізделіп отырып анықтау [34].

Уақыттық қатарды болжау кезінде қатардың өткен мәндері оның болашақтағы әрекеті туралы ақпаратты қамтитыны ескеріледі. Болашақ өткенге қаншалықты тәуелді болса, соғұрлым жақсы болжам жасауға болады – бұл негізгі қасиет.

Болжау әдістері сан алуан:

- эвристикалық болжау әдістері;
- уақытша экстраполяция әдістері;
- кеңістіктік экстраполяция;
- болжамды экстраполяция әдістері;
- экспоненциалды тегістеу модельдері;
- максималды ұқсастық үлгісіне негізделген модель;
- Марков тізбектеріндегі модель;
- жасанды интеллекттің логикалық әдістері;
- регрессия әдістері;
- авторегрессивті болжау модельдері.

Қазіргі кезде кең таралған әдістер: авторегрессивті болжау модельдерімен қиылысатын уақытша экстраполяциялық әдістер, экспоненциалды тегістеу модельдері, нейрондық желілік болжау әдістері және т.б..

Сызықты емес модельдердің коэффициенттерін бағалау үшін мыналар қолданылады [35]:

- модельді сызықтандыру (бастапқы айнымалылардың түрлендірулер);
- коэффициенттердің бағалауын табу үшін сызықты емес оңтайландырудың сандық әдістері қолданылады.

[36]- жұмыста уақыттық қатарларды болжамға дейін алдын ала талдау кезеңдері сипатталған:

- бастапқы мәліметтердің графигін құру;
- негізгі статистикалық көрсеткіштерді (орташа мән, дисперсия, және т.б.) есептеу және талдау;
- деңгейлерді бір-бірімен салыстыру нәтижесінде алынған статистикалық көрсеткіштердің көмегімен құбылыстың жылдамдығы мен қарқындылығын уақыт бойынша талдау.

Алдын ала зерттеулерден кейін келесі қадамдар:

- уақыттық қатардың әрекетін графикалық бейнелеу және сипаттау;
- уақытқа байланысты уақыттық қатардың тұрақты компоненттерін таңдау және жою (тенденция, маусымдық, циклдік компоненттер);
- процестің төменгі немесе жоғары жиілікті компоненттерін таңдау және жою (сүзу);
- жоғарыда аталған компоненттерді алып тастағаннан кейін қалған уақыттық қатардың кездейсоқ құрамдас бөлігін зерттеу;
- кездейсоқ компонентті сипаттаудың математикалық моделін құру және оның сәйкестігін тексеру;
- уақыттық қатармен ұсынылған процестің болашақ дамуын болжау;
- әртүрлі уақыттық қатарлардың өзара әрекеттесуін зерттеу.

Жоғарыда аталған қадамдарды шешу үшін уақыттық қатарларды талдаудың келесі әдістері қолданылады:

- бір процесс ішіндегі корреляциялық талдау (автокорреляция);
- уақыттық қатардың периодтық және квазипериодтық компоненттерін табуға мүмкіндік беретін спектрлік талдау;
- жоғары жиілікті немесе маусымдық ауытқуларды жою үшін уақыттық қатарларды тегістеу және сүзу;
- орташа мәннің айналасында біркелкі ауытқуларды көрсететін процестерді сипаттау және болжау үшін пайдалы авторегрессивті және жылжымалы орташа модельдер;
- уақыттық қатарлардың мінез-құлқының таңдалған моделіне сүйене отырып, болашақта оның мәндерін болжауға мүмкіндік беретін экстраполяция және болжау.

Уақыттық қатарларды талдаудың міндеті – детерминделген компонентті пайдалана отырып, уақыттық қатардың болжамдық мәнін болжау және кездейсоқ құраушыны пайдалана отырып, мүмкін болатын ауытқудың шамасын және мұндай ауытқудың ықтималдығын болжау.

Болжау әдістері – классикалық декомпозиция, эконометриялық модельдер, көп өлшемді регрессия.

1.7 Негізгі міндеттерді тұжырымдау

Әдебиеттерді шолу, желіні талдау зерттеу мақсатын, осы диссертациялық жұмыс аясында шешілетін негізгі міндеттерді тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- өлшенген мультисервистік трафик құрылымын стационарлыққа зерттеу;
- өлшенген трафикті болжау.

Уақыттық қатарлар стационарлы және стационарлы емес болуы мүмкін. Тәжірибеде қатардың стационарлық гипотезасын тексеру үшін параметрлік және параметрлік емес критерийлер қолданылады. Стационарлық және стационарлық емес уақыт қатарларының статистикалық қасиеттері айтарлықтай ерекшеленеді және оларды модельдеу үшін әртүрлі әдістерді қолдану қажет.

Демек қатарды стационарлыққа тексеру міндеті, стационарлы болмаған жағдайда стационарлық жағдайға келтіруді жүзеге асыру үшін трендті таңдау, маусымдық компонент немесе интеграция дәрежесін анықтау қажеттігі туады.

Болжау міндеті – T болжау сәтінде барлық белгілі ақпаратқа тәуелді болатын функцияны f_T табу қажет, бұл функция және каншалықты ілгері болжау қажеттігін көрсететін қосымша N параметрін қабылдай алады:

$$y_{T+h} \approx f_T(y_T, \dots, y_1, h) \equiv \hat{y}_{T+h|T}, \quad (1.17)$$

мұндағы N – болжау көкжиегі, $h \in \{1, 2, \dots, N\}$, y_{T+h} – $T+h$ сәтіндегі қатардың мәні, $\hat{y}_{T+h|T}$ – $T+h$ сәтіндегі болжам мәні.

Осылайша, h болжам көкжиегі мен T уақытына дейінгі қолжетімді ақпаратты ескере отырып, y тарихи мәндерін және f_T болжау функциясын пайдаланып $T+h$ уақытындағы y -тің болашақ мәнін болжау қажет.

1.8 Бірінші тарау бойынша қорытынды

1. Деректерді талдаудың классикалық мәселелерінде бақылаулар тәуелсіз, ал болжау кезінде қатардың алдыңғы мәндері болашақ мәндер туралы ақпаратты береді деп күтіледі.

Кейінгі әсері жоқ ақпарат ағынының (поток без последействия) тарихы болашақты болжауда ешқандай рөл ойнамайды.

2. Уақыттық қатарлар стационарлы және стационарлы емес болуы мүмкін. Тәжірибеде қатардың стационарлық гипотезасын тексеру үшін параметрлік және параметрлік емес критерийлер қолданылады.

3. Параметрлік критерийлер талданатын деректердің қалыпты таралуын талап етеді.

4. Параметрлік емес критерийлер есептеу формуласында таралу параметрлерін талап етпейді және операциялық жиіліктерге немесе рангтарға негізделеді.

5. Стационарлық және стационарлық емес уақыт қатарларының статистикалық қасиеттері айтарлықтай ерекшеленеді және оларды модельдеу үшін әртүрлі әдістерді қолдану қажет.

6. Стационарлық уақыт қатарларының моделі уақыттың тұрақты орташа мәнімен, дисперсиясымен және автокорреляциясымен сипатталады.

7. Стационарлық емес уақыт қатарларының моделі көпкомпонентті: трендті, маусымдық және кездейсоқ құрамдастарды қамтиды.

8. Стационарлық емес қатарлар TS детерминирленген трендті және DS стохастикалық тренді бар қатарларға бөлінеді, бұл мұндай қатарлармен жұмыс істеу кезінде стандартты асимптотикалық теорияның қолданылмайтындығын көрсетеді.

9. TS процесі тұрақты емес тенденцияға байланысты стационарлық емес. Бұл процесс шексіз жадымен емес.

10. DS процесі тұрақты емес дисперсияға байланысты стационарлық емес. Бұл процесс шексіз жадымен.

11. Стационарлық жағдайға келтіру мынадай операциялармен жүзеге асырылады: трендті таңдау, маусымдық компонент немесе интеграция дәрежесі.

12. Дикки-Фуллер тесті қатарды DS (стохастикалық тренд) немесе TS (детерминирленген тренд) бар-жоғын тексереді.

13. Түрлендірулер көмегімен сызықтық функцияға келтіруге болатын жұптық (бір факторлы) және көп факторлы (көп факторлы) регрессия, сондай-ақ сызықтық және сызықтық емес регрессия болады.

2 ТРАФИКТІ ТАЛДАУ МОДЕЛЬДЕРІ ЖӘНЕ СТАЦИОНАРЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ

2.1 Өлшенген трафиктің сандық сипаттамаларын талдау


Бастапқы деректер Wireshark sniffer бағдарламасы арқылы алынды. 5 сағат ішінде 278 557 пакет бақыланды: оның ішінде 158 TCP (Transmission Control Protocol - Таратуды басқару хаттамасы) пакеттері; 493 ARP (Address Resolution Protocol - Адресі шешу хаттамасы) пакеттері; 25733 MPEG (Moving Picture Experts Group - Қозғалмалы сурет бойынша сарапшылар тобы), 250241 UDP (User Datagram Protocol - Пайдаланушы деректерінің хаттамасы) және т.б. UDP пакеттерінің үлесі 89,83% құрады. Бақылау трафигінің қалған бөлігі TCP, ARP, DHCP (Динамикалық хост конфигурациясының хаттамасы), DNS (Domain Name System - домендік атаулар жүйесі), MPEG (Moving Picture Experts Group), IGMP (Internet Group Management Protocol - Интернет тобын басқару хаттамасы), STP (Spanning Tree Protocol – байланыс ағаш хаттамасы) және т.б. арасында таратылды.

```
1 0.000000 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
2 0.002104 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
3 0.004069 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
4 0.006304 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
5 0.008388 192.168.172.30 239.2.4.4 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
6 0.008391 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
7 0.010750 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
8 0.010753 192.168.172.30 239.2.4.4 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
9 0.012718 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
10 0.013497 192.168.172.30 239.2.4.4 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
11 0.014810 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
12 0.016488 192.168.172.30 239.2.4.4 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
13 0.016931 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
14 0.018195 192.168.172.30 239.2.4.4 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
15 0.019525 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
16 0.020687 DTS_14321.272788888 PTS_14321.312788888 MPEG_PES_video-stream 1358 bytes
17 0.021821 192.168.172.20 239.2.2.40 UDP Source_port: bre Destination_port: cisco-sccp 1358 bytes
```

Сурет 2.1 - Өлшенген желілік трафиктің бөлігі

Уақыттық қатардың стационарлығын анықтау үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады: уақыттық қатардың графикалық көрінісін визуалды талдау, жиілік таралу формасын анықтау, тренд пен мерзімді компоненттің болуын тексеру, автокорреляцияның болуы және т.б.

Өлшенген MPEG қатары 2.2 суретте көрсетілген, ол 5 сағат ішіндегі әрбір секунд сайын магистральдық желі арқылы берілетін пакеттер санын көрсетеді. Уақыттық қатарда 18000 нүкте бар. Графиктен қатардың біркелкі емес қарқындылыққа ие екендігін бақылауға болады (бақылаулардың шашырауы уақыт өткен сайын артады және азаяды), пакеттер бір жерлерде тығыз шоғырланса, кейбір жерлерде аз не мүлдем жоқ болатын бөлімдер бар.



Сурет 2.2 - MPEG хаттама пакеттерінің келіп түсу қарқындылығы

Қатарды статистикалық бағалау желілік трафикті болжауда сәйкес әдістерді қолдану кезінде маңызды рөл атқарады.

Жиілік таралу формасының *сандық сипаттамаларына* мыналар жатады: асимметрия және эксцесс (куртозис).

Асимметрия таралу қалыптылығына тән симметриялы таралудан ауытқу дәрежесін көрсетеді, ол мына формуламен есептеледі:

$$Ax = \frac{1}{(n-1)Sx^3} \sum_{i=1}^n x_i - Mx \quad (2.1)$$

және -3-тен +3-ке дейінгі мәндерді қабылдайды.


$Ax=0$ болғанда таралу симметриялы болады, $Ax<0$ болғанда – сол жақты асимметрия, $Ax>0$ болғанда оң жақты асимметрия болады.

Эксцесс (куртозис) таралу қисығының шыңын анықтайды, мына формуламен есептеледі:

$$Ex = \frac{1}{(n-1)Sx^4} \sum_{i=1}^n (x_i - Mx)^4 - 3 \quad (2.2)$$

және -3-тен +3-ке дейінгі мәндерді қабылдайды. $Ex=0$ кезінде таралу қалыпты, $Ex<0$ кезінде төбесі тегіс шыңды, $Ex>0$ кезінде таралу үшкір шыңды болады. $Ax=0,886606>0$ – оң жақ асимметриясының таралуы. Куртозис $Ex=0,693005>0$ (2.3 сурет). Екі мән де зерттелетін қатар мен қалыпты таралу заңы арасындағы сәйкессіздікті көрсетеді.

Бастапқы деректердің таралу қалыптылығын графикалық тексеру нәтижесі 2.3 суретте көрсетілген. Егер деректер қалыпты болса, онда гистограмма қоңырау тәріздес болып, Normal P-Plot экранында график нүктелері қызыл сызық бойымен орналасар еді. Нәтижелер бастапқы MPEG қатарының қалыпты таралу заңының жиынтық тобына (генеральная совокупность нормального закона распределения) жатпайтынын көрсетеді.



Сурет 2.3 - Таралу формасын сандық және графикалық тексеру нәтижелері

2.4 суретте қалыпты таралу сынақтарын жасайтын критерийлер нәтижелері көрсетілген. Олардың барлығы дерлік қатардың қалыпты таралуын жоққа шығарды.

	A	B	C	D	E	F	G	H	I
1	0,032746	1		Проверка нормальности распределения					
2	0,065491	2		Выдача обычно включает:					
3	0,098237	6		Статистика, Р-значение двустороннее, вывод					
4	0,130982	1		Выбранное пороговое значение					
5	0,163728	2		0,05					
6	0,196473	3		Численность выборки					
7	0,229219	3		18000					
8	0,261964	3		Модифицированный критерий Колмогорова					
9	0,29471	3		0,200817	0	Гипотеза о нормальности отклоняется			
10	0,327456	2		Модифицированный критерий Смирнова					
11	0,360201	3		0,200817	0	Гипотеза о нормальности отклоняется			
12	0,392947	3		Критерий Крамера-Мизеса					
13	0,425692	2		115,6663	0	Гипотеза о нормальности отклоняется			
14	0,458438	1		Критерий Андерсона-Дарлинга					
15	0,491183	3		722,6446	0	Гипотеза о нормальности отклоняется			
16	0,523929	2		Критерий Шапиро-Уилка					
17	0,556674	4		Много данных. Расчет не выполнен.					
18	0,58942	1		Критерий Шапиро-Франсиа					
19	0,622165	3		0,876696	0,367667	Гипотеза о нормальности не отклоняется			
20	0,654911	3		Критерий коэффициента асимметрии					
21	0,687657	3		0,886606	0	Гипотеза о нормальности отклоняется			
22	0,720402	3		Критерий эксцесса					
23	0,753148	0		0,693005	0	Гипотеза о нормальности отклоняется			
24	0,785893	1		Критерий Жарка-Бера					
25	0,818639	3		2717,461	0	Гипотеза о нормальности отклоняется			

Сурет 2.4 - Қалыпты таралу критерийлерінің нәтижелері

2.2 Трендтің бар болу гипотезасын тексеру

Зерттелетін қатар қалыпты заң бойынша таралмағандықтан, қатардың стационарлық немесе стационарлық еместігін анықтау әдістері үшін параметрлік емес критерийлер қолданылады:

- қатар критерийі;
- «өсу және кему» қатарының критерийі;
- Уоллис-Мур фазалық жиілік критерийі;
- Кокс-Стюарт трендінің белгі критерийі.

Қатар критерийі трендті көрсетеді, бұл жағдайда әрбір бақылау (+) немесе (-) ретінде белгіленетін бір-бірін жоққа шығаратын екі тізбектің біріне тағайындалады. Қатар – бір типті бақылаулар тізбегі, оның алдында және одан кейін қарама-қарсы типтегі бақылаулар бар [37].

Кез келген қажетті маңыздылық деңгейі α болатын гипотезаны тексеру үшін алынған қатарлар санының мәнін гипотезаны қабылдау аймағының шекараларымен салыстыру қажет.

Егер нәтижелердің саны осы аймақтан тыс болса, онда гипотеза α маңыздылық деңгейімен қабылданбауы керек. Әйтпесе, гипотезаны қабылдауға болады.

«Өсу және кему» қатарының критерийі, оған сәйкес тренд келесі алгоритм бойынша анықталады:

$$\delta_i = \begin{cases} +, & \text{егер } y_{t+1} - y_t > 0 \\ -, & \text{егер } y_{t+1} - y_t < 0 \end{cases} \quad (2.3)$$

яғни, *Өсу қатары* - әрбір келесі мән алдыңғысынан үлкен болатын мәндер тізбегі, ал *Кему қатары* - әрбір келесі мән алдыңғысынан аз болатын мәндер тізбегі. Бұл критерий бойынша, егер келесі мән алдыңғысына тең болса, онда бір ғана мән есепке алынады. «Өсу және кему» қатарының критерийі деректерде тренд бар-жоғын бағалау үшін пайдаланылатын параметрлік емес статистикалық тест болып табылады. Ол деректер тізбегіндегі өсу және кему қатарларының санын санауға негізделген.

Әрі қарай өсу және кему қатарларының әрқайсысының саны - $v(n)$ есептеледі. Серия - қатар орналасқан плюстер немесе минустар тізбегі, бір плюс не бір минус та серия болып саналады. $l_{\max}(n)$ - ең ұзын серия ұзындығы.

Егер келесі теңсіздіктердің кем дегенде біреуі бұзылса, онда трендтің жоқтығы туралы гипотеза 0,95 сенімділік ықтималдығымен жоққа шығарылады:

$$\left\{ \begin{cases} v(n) > \frac{1}{3}(2n-1) - u_t \sqrt{\frac{16n-29}{90}}, \\ l_{\max}(n) < t_{кр} \end{cases} \right. \quad (2.4)$$

u_t - деңгейдің қалыпты таралу квантилі $(1-\alpha)/2$;

Уоллис-Мур фазалық жиілік критерийі деректерде маусымдық немесе мерзімділік бар-жоғын анықтау үшін қолданылатын параметрлік емес статистикалық сынақ болып табылады. Ол деректердегі қайталанатын оқиғалардың немесе құбылыстардың фазалары мен жиіліктерін талдауға негізделген.

Фаза - қайталанатын мәндер тізбегіндегі реттік нөмір, ал жиілік - қайталаулар саны. Уоллис-Мур фазалық жиілік критерийі деректердегі фазалық жиілік құрылымының кездейсоқ немесе маңызды екенін бағалауға мүмкіндік береді.

Ол критерийдің мәнін шығарады және деректер құрылымының альфа=0,05 мәнділік деңгейінде кездейсоқ реттіліктен айтарлықтай айырмашылығы бар-жоғын анықтайды. Уоллис-Мур критерийі оң және теріс фазалардың жиілігін - белгілердің бірдей реттілігін қарастырады және айырмашылықтарды, сондай-ақ

фазалардың санын L есептеу кезінде бастапқы және соңғы фазаларды есепке алмайды. Фазаның есептелген мәні - жиілік айырмасының критерийі формуласымен анықталады

$$\hat{z} = \frac{|L - \frac{2 \cdot n - 7}{3}| - 0,5}{\sqrt{\frac{16 \cdot n - 29}{90}}}. \quad (2.5)$$

\hat{z} – фазалық-жиілік айырмашылық критерийі;
 L – фазалар саны;
 n – деңгейлер саны.

Кокс-Стюарт әдісі n мәннен тұратын зерттелетін қатарды 3 бірдей бөлікке x_i^1 , x_i^2 және x_i^3 бөлуді талап етеді және бірінші және үшінші топтардың мәндер айырмасын $x_i^3 - x_i^1$ қарастырады. Яғни, осы деректер негізінде плюс белгісі өсу тенденциясымен (s^+), минус – кему тенденциясымен (s^-), нөл – тренд жоқ болғанда (s^0) болады, нәтижеде

$$s^+ + s^- + s^0 = n/3 \quad (2.6)$$

$$\hat{z} = \frac{|s - \frac{n}{6}| - 0,5}{\sqrt{\frac{n}{12}}} \quad (2.7)$$

$$S = \max\{s^+, s^-\} \quad (2.8)$$


Кокс-Стюарт сынағы деректердің дәйекті топтарындағы бағыттың өзгеруін (жоғары немесе төмен) бағалайды. Ол деректердегі трендтің кездейсоқ немесе маңызды екенін $\alpha=0,05$ маңыздылық деңгейінде анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл критерийлер маңызды тренд құрылымдарын анықтау үшін уақыттық қатарларды және деректер ретін талдау үшін пайдалы болуы мүмкін.

Осы критерийлер негізінде диссертациялық жұмыста зерттелетін қатарда трендтың бар-жоғын анықтайтын бағдарлама жасап шығарылды. Алдымен зерттелетін нақты өлшенген 18000 мәннен тұратын бастапқы уақыттық қатардан әрбір 10 с. сайынғы пакеттер санын жинақтау арқылы 1800 мәнге ие қатар алынды. Бағдарламаның алгоритмі 2.5 суретте көрсетілген. Егер қатарда тренд болса, ол қатар стационарлы емес деп саналады. Бағдарлама жалпы мақсаттағы Python бағдарламалау тілі негізінде жүзеге асты.

Бағдарламаның кодтық бөлігі 1-ші қосымшада толық берілген.

2.3 Уақыттық қатардың стационарлығын анықтайтын бағдарлама сипаттамасы



Сурет.2.5 - Қатардың стационарлығын тексеретін бағдарлама алгоритмі

2.4 Уақыттық қатардың стационарлығын бағалау

Уақыттық қатардың стационарлығын бағалау үшін корреляция – қатардың стационарлық дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретін уақыттық қатарларды талдау әдістерінің бірі. Стационарлық қатардың статистикалық қасиеттері уақыт өте келе өзгермейтінін білдіреді, соның ішінде орташа және дисперсия.

Кездейсоқ процестің математикалық күтуі кездейсоқ шамалардың осы процесін құрайтын математикалық күтулердің траекториясы болып табылады:

$$m(t) = MX(t). \quad (2.8)$$

Кездейсоқ процестің дисперсиясы кездейсоқ шамалардың осы процесін құрайтын дисперсиялардың траекториясы деп аталады:

$$\sigma^2(t) = DX(t) \quad (2.9)$$

Стационарлықтың бір белгісі деректерде жүйелі тәуелділіктің (тенденцияның) болмауы және автокорреляция сияқты қатардың статистикалық қасиеттерінің уақыт бойынша өзгерісінің болмауы.

«Корреляция» терминін алғаш рет француз палеонтологы Ж.Кювье қолданған, ал бұл терминді статистикаға 1886 жылы ағылшын биологы және статистигі Фрэнсис Гальтон енгізген. Корреляция коэффициентін есептеу формулаларын математик және биолог Карл Пирсон жасаған.

Корреляция кездейсоқ шамалардың тәуелділігінің қаншалықты күшті екенін және басқа бір көрсеткіштің мәнін біле отырып, бір көрсеткіштің мүмкін мәндерін болжауға болатындығын көрсетеді.

Егер уақыттық қатарда тренд және циклдік компонент болса, онда қатардың келесі деңгейінің мәндері алдыңғыларға тәуелді [38]. Бұл тәуелділік қатар деңгейлерінің автокорреляциясы болып табылады. Оның сандық мәнін өлшеу бастапқы уақыттық қатарлардың деңгейлері мен уақыт бойынша бірнеше кадамға жылжыған осы қатардың деңгейлері арасындағы корреляциялық көрсеткішті қолдану арқылы жүзеге асырылады.

x және y үлгілері арасындағы Пирсон корреляция коэффициентінің формуласы:

$$r_{xy} = \frac{\overline{\Sigma(x_j - \bar{x}) \cdot (y_j - \bar{y})}}{\sqrt{\Sigma(x_j - \bar{x})^2 \cdot \Sigma(y_j - \bar{y})^2}} \quad (2.10)$$

мұнда:

r_{xy} – Пирсон корреляция коэффициенті

x_j, y_j - сәйкесінше x және y үлгілерінің элементтері

\bar{x}, \bar{y} - сәйкесінше x және y үлгілерінің орташа мәндері

2.10 формула үлгілер арасындағы ковариациясының үлгілердің стандартты ауытқуларының көбейтіндісіне қатынасын білдіреді. Пирсон корреляция коэффициенті -1-ден 1-ге дейінгі мәндерді қабылдайды, мұнда:


1 мәні үлгілер арасындағы толық тікелей сызықтық корреляцияны білдіреді

-1 мәні үлгілер арасындағы толық кері сызықтық корреляцияны білдіреді

0 мәні үлгілер арасындағы сызықтық корреляцияның жоқтығын білдіреді.

Уақыттық қатар элементтерінің автокорреляциясы - уақыттық қатардың бірізді элементтері арасындағы корреляциялық тәуелділік. Кешігу (лаг) – қатар элементтерінің жұптары арасындағы автокорреляция коэффициенті есептелетін кезеңдердің саны. Уақыттық қатардың автокорреляциялық функциясы 1, 2, 3... тең кешігуі бар автокорреляция коэффициенттерінің тізбегі болып табылады. Функция мәндерінің лаг мәніне тәуелділік графигі коррелограмма деп аталады.

Төмендегі 2.6 суреттегі коррелограмманы пайдалана отырып, ең жоғары кешігуді (лагты) анықтауға болады. Біздің жағдайда автокорреляцияның ең жоғары деңгейінің сандық мәні 1-ге тең лагпен 0,962896, сондықтан бастапқы қатар тек трендті қамтиды. Әрі қарай автокорреляция коэффициенттерінің деңгейлері баяу төмендейді және артта қалған сайын нөлге ұмтылмайды, демек қатарда тренд бар, яғни қатардың стационарлы емес екендігі байқалады [39].



Сурет 2.6 - Қатардың коррелограммасы

2.5 Бірлік түбір тесті арқылы стационарлықты бағалау

«Бірлік түбір» түсінігі жүйедегі тербелістердің сипатын анықтайтын көрсеткіш екендігі [40] жұмыста сипатталған және оның есептелу формулалары 1-тараудағы 1.8 және 1.9 формулаларда берілген.

Ықтималдықтар теориясы мен статистикада бірлік түбір кейбір стохастикалық процестердің (мысалы, кездейсоқ жүрістердің) сипаттамасы болып табылады. Бірлік түбір сынағы уақыттық қатардың стационарлық еместігін және уақыттық қатарларды талдауда бірлік түбірден тұратынын тексереді.

N-ші ретті сызықтық айырымдық теңдеулер жүйесінің N түбірі бар. Олардың кез келгенінің абсолютті мәні 1-ден үлкен болса, жүйе «жарылысқа» жақындайды, егер барлық түбірлер 1-ден аз болса, кез келген уақытша ауытқулардан кейін жүйе сөзсіз өзінің бастапқы тепе-теңдігіне ұмтылады. Абсолютті мәнің 1-ге тең түбірі немесе бірлік түбір жүйенің тұрақты ығысуын тудырады, ал бірқатар бұзушылықтар бастапқы позициядан шексіз ауытқуды тудыруы мүмкін.

Аналитикалық түрде бірлік түбір сынағы келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

$$y_t = D_t + z_t + \varepsilon_t \quad (2.11)$$

мұндағы y_t – t уақытындағы қатардың деңгейі;

D_t – детерминирленген компонент;

z_t – стохастикалық компонент;

ε_t – стационарлық қателік процесс.

Бірлік түбірді тексерудің негізгі тұжырымдамасы z_t (стохастикалық құрамдас) бірлік түбірден тұратынын немесе жоқтығын анықтау болып табылады.

Диссертациялық жұмыста уақыттық қатарға екі бірлік түбір сынағы қолданылды:

- Augmented Dickey-Fuller Test (ADF-test), оны 1979 жылы американдық ғалымдар Дэвид Алан Дики мен Уэйн Артур Фуллер әзірлеген;

- Филлипс-Перрон сынағы (PP-тест) 1988 жылы жасалған. [41,42] жұмыстарда Дикки-Фуллер тесті қатардың стационарлық/стационарлық емес түрін анықтау үшін бірлік түбірдің (единичный корень) болуын тексеретіні сипатталған. Бұл жағдайда H_0 нөлдік гипотеза қатардың DS (Difference stationary) типті, ал балама TS (Trend stationary) типті қатарға сәйкес келетіні айтылған. Сынақтың авторлары – америкалық статистиктер Дэвид Алан Дики мен Уэйн Артур Фуллер. Бұл сынақты олар 1979 жылы ұсынған болатын.

Келесі гипотеза қолданылады:

- H_0 : – қатар стационарлы емес: ол бірлік түбірді қамтиды және кездейсоқ жүру (случайное блуждание) процесімен сипатталады.

- H_1 : – қатар стационарлы - онда бірлік түбір болмайды және 1-ші ретті стационарлық авторегрессивті процесс арқылы сипатталады. Matlab бағдарламасындағы Econometric Modeler құралы арқылы тексерілген тест

нәтижесі 2.7 суретте көрсетілген, онда зерттелетін қатар бірлік түбірге ие екенін көруге болады.

Augmented Dickey-Fuller Test(X2)									
Null Hypothesis: X2 contains a unit root									
Results									
	Select	Null Rejected	P-Value	Test Statistic	Critical Value	Lags	Model	Test Statistic	Significance Level
1	<input type="checkbox"/>	true	1.0000e-03	-57.8492	-1.9416	0	AR	t1	0.0500

Сурет 2.7 - Дикки-Фуллер тестінің нәтижесі

Гипотезаны растау немесе теріске шығару үшін маңыздылық деңгейінің ең кіші мәні р-мәні қолданылады. Егер р-Value 5%-дан жоғары болса, онда нөлдік гипотеза жоққа шығарылады, демек, қатар стационарлық болып табылады [43].

2.8 сурет көрсеткендей, р-мәні 0,001, ал маңыздылық деңгейінің мәні 0,05 екенін көруге болады. р-мәні маңыздылық деңгейінің мәнінен аз болғандықтан, зерттелетін уақыттық қатар кездейсоқ жүріс сипатына ие, яғни зерттелетін қатар стационарлық емес деген гипотезаны жоққа шығару мүмкін емес.

Таблица 1.1. Test Parameters

	Lags	Model	Test Statistic	Significance Level
1	0	AR	t1	0.05

Таблица 1.2. Test Results

	Null Rejected	P-Value	Test Statistic	Critical Value
1	true	0.001	-57.8492	-1.9416

Сурет 2.8 - ADF-тест параметрлерінің мәндері

Егер тексеру кезінде уақыттық қатардың авторегрессивті моделінде бірлік түбір алынса, онда бұл уақыттық қатардың айырмасын білдіреді. Нәтижесінде қатар стационарлы емес деген болжам расталды.

[44]-те қатарды стационарлық немесе стационарлы емес деп талдау үшін бір емес, бірнеше тесттерді қолдану орынды екені айтылған. Сондықтан басқа да тесттер, атап айтқанда 1988 ж. жасалған Филлипс-Перрон тесті (PP-test) қолданылды. PP тесті нөлдік гипотеза айнымалы шамада бірлік түбір бар, ал балама гипотеза айнымалы стационарлық процесс екенін көрсетеді. 2.9 суреттен зерттелетін қатар бірлік түбірге ие, яғни қатар стационарлы емес екенін көруге болады.

Phillips-Perron Test for One Unit Root(X2)									
Null Hypothesis: X2 contains a unit root									
Results									
	Select	Null Rejected	P-Value	Test Statistic	Critical Value	Lags	Model	Test Statistic	Significance Level
1	<input type="checkbox"/>	true	1.0000e-03	-57.8492	-1.9416	0	AR	t1	0.0500

Сурет 2.9 – Филлипс - Перрон тестінің нәтижесі

Екі тест те уақыттық қатарды стационарлық емес деп бағалағандықтан, ол шын мәнінде стационарлық емес деуге болады.

2.6 Екінші тарау бойынша қорытындылар

1. Уақыттық қатардың стационарлығын анықтау үшін әртүрлі әдістерді қолдануға болады: уақыттық қатардың графикалық көрінісін визуалды талдау, жиілік таралу формасын анықтау, тренд пен мерзімді компоненттің болуын тексеру, автокорреляцияның болуы және т.б.;
2. Зерттелетін қатар қалыпты қатарға жатпайды. Куртозис $E_x=0,693005>0$ (қалыпты жағдайда $E_x=0$). Normal P-Plot графигінде қатар мәндері қызыл сызықтың бойымен емес (қалыпты жағдайда қызыл сызықтың бойымен болады);
3. Колмогоров және Смирнов; Крамер-Мизес; Андерсон-Дарлинг; Шапиро-Франсиа; эксцесс; Жарк-Бер, т.б. критерийлер қатардың қалыпты емес екенін дәлелдеді;
4. Бірнеше параметрлік емес критерийлер негізінде әзірленген бағдарлама қатарда тренд барын растады яғни қатардың стационарлы емес екендігі байқалды;
5. Корреляция деңгейлері баяу төмендеді және артта қалған сайын нөлге ұмтылмады, демек қатарда тренд бар, яғни қатардың стационарлы емес екендігі байқалды;
6. Matlab бағдарламасында бірнеше тесттер (ADF-test, PP-test) қатарда бірлік түбірдің барын растады;
7. Қатарда бірлік түбір болса, ол стационарлы емес болып саналады.

3 УАҚЫТТЫҚ ҚАТАРДЫ УАҚЫТ-ЖИІЛІК БОЙЫНША ТАЛДАУ

3.1 Спектралды талдау әдістері

Кез келген кездейсоқ процесте уақыт облысы да, жиілік көрінісі де болады. Кейбір сипаттар үшін уақытты зерттеу, кейбірі үшін жиілік қолайлырақ болуы мүмкін. Спектрлік талдаудың классикалық әдістеріне сингулярлық спектрлік талдау (SSA), тәуелсіз компоненттік талдау (ICA) және толқындық талдау (WA) әдістерін қосуға болады.


Спектрлік әдісті қолдану әртүрлі уақыт шкалаларында қатардың құрылымы мен циклдік мінез-құлқын түсінуді жақсарты алады.

Спектрлік талдау қатардың жиілік құрамын сипаттайды. Толқындық теңдеудің шешімін 1807 жылы Фурье қатарын енгізу арқылы алғаш ашқан барон Жан Батист Джозеф де Фурье болды. Фурье теориясын 1836 жылы Штурм мен Лиувилл ерікті ортогоналды функциялар жағдайына кеңейтті. Штурм-Лиувилл теориясы 1925 және 1926 жылдары Гейзенберг пен Шредингердің кванттық механиканы тұжырымдауына байланысты ең сәтті эмпирикалық спектрлік талдауға айналды. 1929 жылы Джон фон Нейман атомның спектрлік теориясын Гильберт кеңістігінде спектрлік бейнелеу теоремасы арқылы берік математикалық негізге қойды. Осы уақытта Винер 1923 жылы броундық қозғалыстың математикалық теориясын жасады, ал 1930 жылы стационарлық кездейсоқ процестің спектрлік бейнесінің жалпылама гармоникалық талдауын енгізді.


Спектрлік талдаудың қазіргі тарихы 1949 жылы Дж. В.Тьюкидің спектрлік бағалауды ашуынан басталады, бұл Фурье ашқан жаңалығының статистикалық баламасы [45]. Дегенмен, спектрлік талдау есептеу үшін қымбат болды. Ол 1965 жылы Дж.С.Кули мен Дж. В.Тьюкидің FFT (Fast Furier Transform - Жылдам Фурье түрлендіруі) алгоритмін жариялаумен қол жетімді болды. Кули-Тьюки әдісі тәжірибеде сигналдарды уақыт және жиілік облыстарында өңдеуге мүмкіндік берді, бұл үздіксіз жүйелерде бұрын мүмкін болмаған. Фурье түрлендіруі тек теориялық сипаттама ғана емес, сонымен қатар құрал болды. ФТ дамуымен спектрлік талдаудың эмпирикалық өрісінің маңызы арта түсуде. Одан кейінгі үлестері: 1967 жылы Джон Бургтың максималды энтропиялық спектрлік талдауды енгізуі; 1950 жылдары Эммануэль Парзен және т.б. ның спектрлік терезелерді жасауы және т.б. [46]

Фурье түрлендіруі аналитикалық түрде сипатталмайтын және талдауы салыстырмалы түрде қиын ерікті форманың бастапқы периодты емес функциясын әртүрлі жиіліктері мен амплитудалары бар синустар немесе косинустар жиынтығы ретінде көрсетеді. Яғни, күрделі функция Фурье түрлендіруінің нәтижесінде қарапайым синусоидтардың (немесе косинус толқындарының) жиынтығына айналады. Бұл Фурье спектрін құрайтын спектрлік компоненттер (гармониялар) [47]. Графикалық түрде әрбір спектрлік құрамдас көлденеңі оның жиілігіне, ал биіктігі оның амплитудасына сәйкес келетіндей көрсетіледі.

Толқынды түрлендіру (Вейвлет-преобразование) немесе вейвлеттер сигналдарды интерпретациялаудың жаңа әдісін ашты. Ол толқындар шексіз таралатын синус немесе косинус толқынын пайдаланатын Фурье қатарымен салыстырғанда шағын толқындарды пайдаланады (3.1 сурет). Вейвлеттер тез ыдырайтын мини-толқын түріндегі толқынның қысқа жарылыстары (3.2 сурет).



Сурет. 3.1 - Шексіз синусоида



Сурет. 3.2 - Вейвлеттер: Haar (a), Mexican Hat (b), Morlet (c)

Жоғарыда келтірілген суреттер синус немесе косинус толқындарының уақыт бойынша шектелмейтінін, ал вейвлет толқындарының уақыт бойынша шектелгенін көрсетеді. Вейвлет толқындары уақыт пен жиілікте шектеулі болғандықтан пайдалы. Төмен және жоғары жиіліктерді өңдеу кезінде вейвлеттер әртүрлі әрекет етеді. Жоғары жиіліктер үшін синусоида қысылады, ал төмен жиіліктер үшін ол созылады.

Классикалық Фурье талдауы уақыттық қатар деректеріндегі стационарлы сигналдарды анықтаудың теңдесі жоқ құралы болып табылады және стационарлы емес сигналдарды зерттеуде қауқарсыз [48]. Бұл ретте олардың амплитудалық және жиілік сипаттамалары бағаланады.

Толқындық талдау – көптеген уақыт шкалаларында сигнал қуатының өзгеруін көрсететін уақыт бойынша стационарлы емес немесе біркелкі емес уақыт қатарын талдауға арналған қуатты математикалық құрал. Яғни, талдау нәтижелері сигналдың жалпы жиілік реакциясын ғана емес, сонымен қатар сигналдың жиілік құрамдас бөліктерін де қамтиды [49,50].

3.2 Сингулярлық спектрлі талдау

Зерттелетін қатарға сингулярлық спектрлі талдау - SSA (Singular Spectrum Analysis - Сингулярлы Спектрлік Талдау) әдісі қолданылды. Әдіс уақыттық қатардың құрылымдық компоненттерін талдаудың заманауи құралдарының бірі болып табылады. Уақыттық қатарларды ыдырату әдісі (SSA) қатарды тренд, мерзімділік және шу ретінде түсіндірілетін жиынтық құрамдас бөліктерге ыдыратады және бұл әдіс негізгі құрамдастардың бөліну мүмкіндігіне баса назар аударады және әртүрлі уақыт шкалаларында орын алатын кезеңділіктерді, тіпті өте шулы қатарларда оңай ажырата алады. Бастапқы уақыттық қатар өңдеу нәтижесінде алынған оның барлық құрамдастарын қосу арқылы қалпына келтіріледі. Сонымен қатар, SSA әдісі оны пайдалану үшін уақыттық қатарлардың табиғаты туралы белгілі бір шарттарды талап етпейді. SSA әдісі параметрлік емес және зерттелетін бір өлшемді қатардың сәйкес таралу заңдарына жатуын, қатарды алдын ала тұрақтандыруды талап етпейді және зерттелетін қатардың стационарлық немесе стационарлы еместігіне байланысты емес, және оның бір ғана реттелетін L параметрі бар.

SSA әдісі бір өлшемді уақыт қатарын бір параметрді жылжыту арқылы көп өлшемдіге түрлендіреді. Алынған траектория матрицасының қасиеттерін пайдалана отырып, ол сингулярлық мәннің ыдырауын қолданады және негізгі компоненттерді таңдау арқылы өңделген деректерді қалпына келтіреді (жуықтатады) [51]. SSA әдісі көп функциялы және негізгі құрамдас талдауды (PCA, Principal Component Analysis), кластерлік талдауды және жеке векторлардың графикалық талдауын орындайды.

Бұл әдіс $X = X_N = (X_1, \dots, X_N)$ нақты уақыттық қатарды қарастырады. $N > 2$ және X нөлдік емес қатар, яғни X қатарында $f(i) \neq 0$ болатындай i бар деп ұйғарылады. Негізгі параметр L ($1 < L < N$) терезенің ұзындығы деп аталатын қандай да бір бүтін сан (N -нің жартысынан аспауы керек). L өлшемді $K = N - L + 1$ ендіру векторлары жасалады [52]:

$$X_i = (f_{i-1}, \dots, f_{i+L-2})^T, 1 \leq i \leq K. \quad (3.1)$$

Әрі қарай, бір өлшемді f қатары L -траекториялық матрицасына түрленеді, ол бағандар ретінде кірістіру векторларынан тұрады:

$$X = [X_1 : \dots : X_K]. \quad (3.2)$$

Траекторлы матрица:

$$X = (x_{ij})_{i,j=1}^{L,K} = \begin{pmatrix} f_0 & f_1 & f_2 & \cdot & \cdot & \cdot & f_{K-1} \\ f_1 & f_2 & f_3 & \cdot & \cdot & \cdot & f_K \\ f_2 & f_3 & f_4 & \cdot & \cdot & \cdot & f_{K+1} \\ \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot \\ \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot \\ \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot & \cdot \\ f_{L-1} & f_L & f_{L+1} & \cdot & \cdot & \cdot & f_{N-1} \end{pmatrix}. \quad (3.3)$$

Траектория матрицасы жылжымалы терезе арқылы қалыптасады, бұл кезде белгілі бір қадамы бар жолдың элементтері матрицаның бағандарына қосылып, бағандар саны терезенің ұзындығымен анықталады. Осылайша, матрицаның әрбір бағаны бастапқы уақыттық қатардың векторы болып табылады.

K параметрі траектория матрицасындағы бағандар санын білдіреді. X бағандары L -баяу векторлар деп аталады, ал жолдар K -баяу векторлар деп аталады. Бұл жағдайда коварианттық матрицаның негізгі компоненттерін талдау процесі жүзеге асады. Нәтижесінде сәйкес негізгі компоненттердің таңдамалы дисперсиялары болып табылатын матрицаның меншікті мәндері (собственные вектора) анықталады [53, 54]. Яғни, матрицаның сингулярлық мәнінің ыдырауы болады.


Матрицаның меншікті мәндері компоненттердің уақыттық қатарға әсер ету дәрежесін сипаттайды, ал меншікті векторлар уақыт функциясы ретінде түсіндіріледі.

[55] жұмыста алынған үлгілік коварианттық матрицаның спектрінің, яғни оның меншікті мәндерінің жиындары SSA сызықты емес спектрлік талдаудың қазіргі әдісінде маңыздылығы сипатталған. Бұл жағдайда уақыттық қатардың коварианттық матрицасының спектрі мен оның спектрлік қуаты арасындағы байланыстың болуы сипатталады. Сондай-ақ, коварианттық матрицаның меншікті мәндерінің спектрін сигналдар санын бағалау үшін пайдалануға болатыны атап өтілген.

Ганкель матрицасы уақыт қатарын блоктарға бөлу және олардан матрица құру арқылы қалыптасады, мұнда бірінші бағанда блоктардың бірінші

элементтері, екіншісінде - блоктардың екінші элементтері және т.б. Матрица бағандарының саны блок ұзындығына тең.

X матрицасы диагональ бойынша элементтері бірдей $i + j = const$, бұл Ганкель матрицасы.



Сурет. 3.3 - Ганкель матрицасы

Диссертациялық жұмыста SSA әдісі арқылы бір өлшемді уақыттық қатардың бір параметрін жылжыту арқылы көп өлшемдіге түрлендіру бағдарламасы жасалды. Алынған траектория матрицасының қасиеттерін пайдалана отырып, ол сингулярлық мәннің ыдырауын қолданады және негізгі компоненттерді таңдау арқылы өңделген деректерді қалпына келтіреді (жуықтатады-аппроксимация).

Меншікті мәндердің қосындысы m -ге тең болатыны [56]-да сипатталған және келесі формула сәйкес негізгі компоненттердің дисперсиясының пайыздарын анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін:

$$c_i = \frac{\lambda_i}{m} \cdot 100\% \quad (3.4)$$

мұнда, $c_i = \sum_{k=1}^i c_k$ - жиналған пайыздар, олар i -нші негізгі компоненттің үлесін көрсетеді.

λ_i - i -ші компоненттің меншікті мәні (дисперсия мөлшерінің өлшемі),
 m - құрамдас бөліктердің жалпы саны.

Осылайша, формула деректердің жалпы дисперсиясына әрбір негізгі компоненттің үлесін пайызбен бағалауға мүмкіндік береді.

Меншікті векторлардың уақытқа тәуелділігінің графиктері бойынша уақыттық қатардың үш компонентіне қандай негізгі құрамдас бөліктер жатқызылатыны анықталады:

- тренд (баяу өзгертін төмен жиіліктегі ауытқулар);
- периодтық компоненттер;
- шу (жоғары жиілікті құрамдас бөліктер).

3.3 Сингулярлық спектрлі талдау әдісімен қатарды ыдырату бағдарламасының сипаттамасы

Бұл тарауда 3.2 тараудағы көрсетілген математикалық процестердің бағдарламалық код түріндегі сипаттамасы беріледі.

Зерттелетін нақты өлшенген 18000 мәннен тұратын бастапқы уақыттық қатардан алдымен әрбір 10 с. сайынғы пакеттер санын жинақтау арқылы 1800 мәнге ие қатар алынды. Ол жинақтаудың бағдарламалық кодының бөлігі төменде көрсетілген:

```
i=1;x=VarName2;  
for j=1:(length(x))/10  
    y(j)=x(i)+x(i+1)+x(i+2);  
    i=i+10;  
end
```

Әрі қарай негізгі параметр L ($1 < L < 1800$) терезенің ұзындығы деп аталатын қандай да бір бүтін сан (N -нің жартысынан аспауы керек).

```
--  
>> N=length (X);  
>> L=900;  
>> t=(1:N);  
>> figure;  
plot (t,X);
```

Әрі қарай L өлшемді $K=N-L+1$ ендіру векторлары жасалады, нәтижеде траекторлы матрица қалыптасады:

Траектория матрицасы жылжымалы терезе арқылы қалыптасады, бұл кезде белгілі бір қадамы бар жолдың элементтері матрицаның бағандарына қосылып, бағандар саны терезенің ұзындығымен анықталады. Осылайша, матрицаның әрбір бағаны бастапқы уақыттық қатардың векторы болып табылады.

```

>> %Construction of trajectory matrix of the time series
Y=zeros(L,N-L+1); %trajectory matrix
for m=1:N-L+1
    Y(:,m) = X((1:L)+m-1);
end;
figure ;
set(gcf,'name','Trajectory matrix of the time series');
clf;
imagesc(Y); %trajectory matrix
title('Trajectory matrix of time series')
axis square
colorbar

```

Әрі қарай негізгі компоненттердің таңдамалы дисперсиялары болып табылатын матрицаның меншікті мәндері (собственные вектора) анықталады. Яғни, матрицаның сингулярлық мәнінің ыдырауы болады.

```

>> S=Y*Y'/(N-L+1) ;%calculation of matrix S
[V,LAMBDA] = eig(S);
LAMBDA = diag(LAMBDA);
[LAMBDA,ind]=sort(LAMBDA,'descend');
V = V(:,ind);
>> figure;
>> set(gcf,'name','Eigenvalues of the matrix S')
clf;
plot(LAMBDA,'o-');|
title('Eigenvalues of the the matrix S')
>> |

```

Әрі қарай қатарды негізгі компоненттерге ыдырату қажет, бағдарламаның бұл бөліктері төменде көрсетілген:

```

ylabel(sprintf('PC %d',900));
>> %Construction of Reconstructed Components
R=zeros(N,L);
for m=1:L
    inp=PC(:,m)*V(:,m)'; %invert projection
    inp=inp(end:-1:1,:);
    for n=1:N % anti-diagonal averaging
        R(n,m)=mean(diag(inp,-(N-L+1)+n));
    end
end;

```


Әрі қарай алғашқы төрт меншікті векторды көру үшін график құру процедурасы орындалады:


```

>> %Plot first four reconstructed components
figure;
set(gcf, 'name', 'Reconstructed components')
clf;
subplot(4,1,1);
plot(t,R(1:N,1), 'r-');
ylabel(sprintf('R %d',1));
subplot(4,1,2);
plot(t,R(1:N,2), 'r-');
ylabel(sprintf('R %d',2));
subplot(4,1,3);
plot(t,R(1:N,3), 'r-');
ylabel(sprintf('R %d',3));
subplot(4,1,4);
plot(t,R(1:N,4), 'r-');
ylabel(sprintf('R %d',4));
fx >> |

```

Осылайша алынған графиктерді визуалды талдау арқылы сәйкес негізгі компоненттердің гармонияға немесе шуылға не трендке тиесілігін топтастыру процедурасы орындалады.




Сурет. 3.4 - 1-4 меншікті векторлар

Шуды ажырату үшін бірнеше ескертулерді қолдануға болады: сингулярлы векторлардың ретсіз әрекеті олардың шу құрамдас бөлігі тудырған жиынға жататынын көрсетуі мүмкін. Бұл сонымен қатар баяу, іс жүзінде секірусіз, меншікті мәндердің белгілі бір саннан төмендеуімен дәлелденуі мүмкін.


Меншікті векторлардың 3.4 суреттегі графикте бірінші жолдың графигі салыстырмалы түрде тегіс екенін көрсетеді, оны тренд компонентіне жатқызуға болады. Қалған үш графикке келетін болсақ, оларды мерзімді құрамдас бөліктерге жатқызуға болады.

3.5 сурет 201-ден 204-ке дейінгі негізгі компоненттерінің (векторларының) графиктерін көрсетеді. Бұл жағдайда векторларды мерзімді құраушыларға жатқызуға болады.




Сурет. 3.5 - 201–204 меншікті векторлар

3.6 суретте тиісінше 500-ден 503-ке дейінгі негізгі құрамдастардың графиктері көрсетілген, оларды мерзімді құраушыларға жатқызуға болады.



Сурет. 3.6 - 500–503 меншікті векторлар

3.7 суретте 897-900 аралығындағы меншікті векторлардың графиктері олардың құрамында жоғары жиілікті тербелістер бар екенін және шу құрамдарына жатқызу керек екенін көрсетеді.



Сурет 3.7 - 897-900 меншікті векторлар

3.3.1 Сингулярлық спектрлі талдау әдісімен ыдыраған қатарды қалпына келтіру

Қатарды қалпына келтіру негізгі компоненттердің әртүрлі комбинациялары арқылы жүзеге асырылады [57].

3.8 сурет сингулярлық спектрлік талдау арқылы өңдеуден кейін қатардың динамикасын қалпына келтіруге арналған бағдарлама терезесін көрсетеді.


```
subplot(3,1,1)
plot(t(1:N),X,'b-');
legend('Initial time series');
subplot(3,1,2)
plot(t,sum(R(:,:),2),'r-');
legend('Complete reconstruction'); %sum of all reconstructed
components
subplot(3,1,3)
plot(t(1:N),X,'b-',t,sum(R(:,1:2),2),'r-');
legend('Initial time series','Reconstruction with Rs 1-2');
%comparison time series with sum of first two reconstructed components
Undefined function or variable 'components'.

>> %% Compare initial time series and reconstructed components
figure;
set(gcf,'name','Initial time serie X and Reconstruction R')
clf;
subplot(3,1,1)
plot(t(1:N),X,'b-');
legend('Initial time series');
subplot(3,1,2)
plot(t,sum(R(:,:),2),'r-');
legend('Complete reconstruction'); %sum of all reconstructed components
subplot(3,1,3)
plot(t(1:N),X,'b-',t,sum(R(:,1:2),2),'r-');
legend('Initial time series','Reconstruction with Rs 1-2');
%comparison time series with sum of first two reconstructed components|
fx >>
```

Сурет. 3.8 - Қатардың динамикасын қалпына келтіруге арналған бағдарлама

3.9 сурет үш уақыттық қатарды көрсетеді: көк түспен бастапқы қатар, өңдеуден кейін қалпына келтірілген қатар қызыл түспен және жуықтау функциясы бар бастапқы қатар сызылған.


Қайта қалпына келтірілген қатарды болжамдық модельдерді әзірлеу үшін пайдалануға болады, себебі ол болашақта бастапқы қатардың әрекетіне әсер етуі мүмкін әртүрлі құрамдас бөліктер туралы ақпаратты қамтиды. Мысалы, шуға немесе кездейсоқ ауытқуларға қатысты құрамдастарды жою арқылы қалпына келтірілген қатарды бастапқы қатардың тегістелген нұсқасын алу үшін пайдалануға болады.



Сурет 3.9 - Бастапқы қатар, қайта құрылған қатар және жуықтау функциясы бар бастапқы қатар


Әрі қарай, әрбір 100 секунд сайын 100 деңгейі бар жинақталған бастапқы уақыттық қатар MS Excel электрондық кесте процессорының қосымшасы ретінде жасалған AtteStat [58] бағдарламасында қарастырылды. Сингулярлық спектрлік талдауға параметрлер келесідей орнатылды - терезе ені 50 және гармоника саны да 50.

3.10, 3.11 суреттерде уақыттық қатардың құрамдастарға ыдырауы көрсетілген.



Сурет 3.10 - Уақыттық қатардың ыдырауы

Уақыттық қатардың ыдырауы оның стационарлық емес екенін көрсетеді. Онда бірінші негізгі компонент - тренд (1-қатар), гармоника және шу бар.



Сурет 3.11 - Уақыттық қатардың ыдырауы

3.4 Үшінші тарау бойынша қорытындылар

1. Классикалық Фурье талдауы уақыттық қатар деректеріндегі стационарлы сигналдарды анықтаудың теңдесі жоқ құралы болып табылады және стационарлы емес сигналдарды зерттеуде қауқарсыз;
2. Толқынды түрлендіру (Вейвлет-преобразование) немесе вейвлеттер сигналдарды интерпретациялауда маңызды, Вейвлеттер тез ыдырайтын минитолқын түріндегі толқынның қысқа жарылыстары;
3. Толқындық талдау – көптеген уақыт шкалаларында сигнал қуатының өзгеруін көрсететін біркелкі емес уақыт қатарын талдауға арналған қуатты математикалық құрал;
4. Уақыттық қатарды ыдырату әдісі (SSA) қатарды тренд, мерзімділік және шу ретінде түсіндіретін жиынтық құрамдас бөліктерге ыдыратады;
5. Алынған құрамдас бөліктер талданады және деректерде болжау, шуды сүзу және аномалияны анықтау мәселелерін шешу үшін пайдаланылады;
6. Уақыттық жиілікті деректерді талдау (немесе спектрлік талдау) уақыттық қатардың жиілік құрамдастарын ерекшелеуге және олардың жалпы деректер құрылымына қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік береді.
7. Уақыттық жиілікті деректерді талдау қатардың болашақ мәндерін болжау немесе болжамдық интервалдың оңтайлы ұзақтығын анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін.

4 ЖЕЛІЛІК ТРАФИКТІ БОЛЖАУ МОДЕЛЬДЕРІН ЖАСАУ

4.1 Стационарлы емес уақыттық қатарларды болжаудың ерекшеліктері

Бүгінгі күні телекоммуникацияны дамытудың негізгі тенденциясы конвергентті келесі буын желілеріне (NGN) көшу болып табылады. Алдыңғы қатарда бірыңғай телекоммуникациялық инфрақұрылым шеңберінде әртүрлі сипаттамалар мен талаптардағы қызметтерге қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету мәселесі тұр. Әртүрлі деңгейдегі телекоммуникациялық желілердің жұмыс істеу сапасын арттыру мәселесіне жүйелі көзқараспен трафикті басқарудың тиімді алгоритмдерінсіз мұны істеу мүмкін емес. Осыған байланысты желідегі трафик тәртібінің адекватты моделін әзірлеу маңызды міндет болып табылады. Көптеген зерттеулердің нәтижелері [59-62] қазіргі телекоммуникациялық желілердің стационарлық қасиеттерге және, атап айтқанда, біркелкі емес қасиетіне ие екенін көрсетті. Белгілі болғандай, мұндай процестерді болжауға заманауи тәсілдер мүмкіндік береді [63-67].

Стационарлық емес уақыт қатарын болжаудың негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- статистикалық әдістер: ARIMA (Авто-регрессивті айырымды жылжымалы орташа), Экспоненциалды тегістеу әдісі, SSA (Сингулярлы спектрлі талдау).
- жасанды интеллектке (ЖИ) негізделген жаңа әдістер:
 - ANN (Artificial Neural Network) – жасанды нейрондық желілер;
 - ANFIS (Adaptive Neuro-Fuzzy Inference System) – анық емес қорытындылар жүйесіне негізделген адаптивті желі;
 - Fuzzy Logic – анық емес логика;
 - SVM (Support Vector Machine) – машиналық оқыту әдісі - тірек векторлық машина;
 - Neuro-Fuzzy Network – нейро-анық емес желілер;
 - Evolutionary Optimization Algorithm - эволюциялық оңтайландыру алгоритмдері;
 - кластерлеу әдістері.

ARIMA (Авто-регрессивті айырымды жылжымалы орташа) әдісі бастапқы уақыттық қатардан кейбір реттік айырмашылықтарды алу арқылы стационарлық қатарға келтірілетін стационарлық емес уақыт қатарларын сипаттауға мүмкіндік береді.

Экспоненциалды тегістеу болашақ мәндерді болжау үшін қатардың алдыңғы мәндерін пайдаланатын әдіс. Ол деректерді тегістеу және алдыңғы мәндер үшін салмақ орнату арқылы жұмыс істейді. Бұл әдіс әсіресе трендтері мен маусымдылығы бар деректер үшін пайдалы.

SSA (Сингулярлы спектрлі талдау) – уақыттық қатарды оның құрамдас бөліктеріне бөлетін және оларды болашақ мәндерді болжау үшін пайдаланатын

әдіс. Ол қатардың негізгі құрамдастарын шығару үшін сингулярлық мәннің ыдырауын пайдаланады, содан кейін оны болжау үшін пайдалануға болады.

Нейрондық желілер – уақыттық қатарларды болжау үшін жасанды нейрондық желілерді пайдаланатын әдіс. Нейрондық желілер деректердің үлкен көлемін өңдей алады және олардың арасындағы күрделі қатынастарды таба алады, бұл *нейрондық желілер* әдісін күрделі стационарлық емес қатарларды болжау үшін пайдалы етеді.

ANFIS – бұл жасанды нейрондық желілер мен анық емес логиканың артықшылықтарын біріктіретін гибриді жүйе. Ол қолда бар деректер негізінде күрделі жүйелерді модельдеу және болжау үшін қолданылады.

ANFIS негізгі функциялар мен ережелерді дайындаудан басталады, содан кейін олар анық емес ережелерді құру үшін пайдаланылады. Одан соң ол нақты болжау нәтижесін шығару үшін қолда бар деректер негізінде ережелердің коэффициенттерін оңтайландыратын оқыту алгоритмін пайдаланады.

Болжау кезінде *ANFIS* кірістер мен шығыстар арасындағы қатынастарды анықтау үшін анық емес ережелерді пайдаланады. Бұл ережелерді қол жетімді деректер негізінде болашақ мәндерді болжай алатын анық емес модель жасау үшін пайдалануға болады.

Осылайша, *ANFIS* жасанды нейрондық желілер мен анық емес логиканың артықшылықтарын біріктіретін гибриді жүйе болып табылады және қол жетімді деректер негізінде күрделі жүйелерді модельдеу және болжау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Анық емес логика анық емес деректерді талдау және анық емес шешімдер қабылдау үшін қолданылады. Ол ақиқат және жалған арасында қандай да бір аралық деңгей бар деген болжамға негізделген, оны «ішінара ақиқат», «жартылай жалған», «өте дұрыс», «төмен шындық» сияқты терминдер арқылы сипаттауға болады. Мәлімдемелері тек ақиқат немесе жалған болуы мүмкін классикалық логикаға қарағанда, анық емес логика мәндердің кең ауқымымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Анық емес логика *мүшелік функциялары* арқылы анықталған анық емес жиындарды пайдаланады. Мүшелік функциясы элементтің берілген жиынға қалай жататынын, яғни қандай дәрежеде жататынын анықтайды. Әдетте мүшелік функциялар қисық функция немесе 0-ден 1-ге дейін бірқалыпты өзгеретін функциялар түрінде болады.

Анық емес деректермен жұмыс істеу үшін *Fuzzy Logic* бірнеше кадамдарды қамтитын анық емес қорытынды жасау процесін пайдаланады:

1. Анық емес кіріс мәні мүшелік функциясының көмегімен анық емес жиынға түрлендіріледі;
2. Берілген анық емес жиын үшін ережелер анықталған болса, онда шығыс анық емес жиын осы ережелер негізінде құрастырылады;
3. Шығарылатын анық емес жиын шығыс функциясының көмегімен сандық мәнге түрлендіріледі.

Машиналық оқыту әдістерін: градиентті арттыру және кездейсоқ орман сияқты әдістерді стационарлық емес уақыт қатарын болжау үшін қолдануға болады. Олар деректер арасындағы тәуелділіктерді модельдеу және осы тәуелділіктер негізінде болжамды модельдерді құру үшін пайдаланылады.

